

Жаңа жылым, армысың!



Сыр бойы

№1 (21076) 1 қаңтар, бейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz

www.instagram.com/syrboyi_kz

t.me/syrboyi_kz

twitter.com/syrboyi

Мемлекет басшысының Қазақстан халқын Жаңа жылмен құттықтауы



Қымбатты отандастар!

Біз бірнеше минуттан кейін Жаңа жылды қарсы аламыз. Төл тарихымыздың тағы бір белесіне қадам басамыз.

Жұртымыз Жаңа жылды ерекше көңіл күймен күтеді. Әр адам осы сәтте арман-тілегін айтады. Ескі жылдың ең әсерлі сәттерін еске алады. Болашаққа жоспар құрып, зор үміт артады.

2025 жыл халқымыз үшін мерейлі жыл болды. Еліміз дамудың даңғыл жолына түсті. Әлемдегі ахуал күрделі болса да, экономикамыз өркендеп, ішкі жалпы өнім 6 пайыздан асты.

Қазақстанның алтын-валюта қоры 62 миллиард доллардан асты. Елге ауқымды инвестиция тартып, бірқатар ірі жобаны жүзеге асырдық. «Достық – Мойынты» теміржолының екінші желісі іске қосылды. Бұл – Тәуелсіздік кезеңіндегі ең ірі теміржол құрылысы. Сондай-ақ 13 мың шақырым автокөлік жолы салынып, жөнделіп жатыр. Соның арқасында Қазақстанның транзиттік әлеуеті арта түсті.

Диқандарымыз екінші жыл қатарынан мол өнім алып, қамбаны астыққа толтырды. Ауылды және ауыл шаруашылығын дамытуға баса мән беріп жатырмыз. Шаруаларға бұрын-соңды болмаған қаржылай қолдау көрсетілді, яғни 1 триллион теңге осы мақсатқа жұмсалды.

Биыл жалпы аумағы 19 миллион шаршы метрден астам тұрғын үй салынды. Мыңдаған отбасы баспаналы болды.

Әлеуметтік салада көп шаруа жасалды. 100-ден астам мектеп, 200-ге жуық денсаулық сақтау нысаны бой көтерді. Әлемнің үздік жоғары оқу орындарының филиалдары ашылды.

Адам құқықтарын қорғауға баса мән беріліп жатыр. Қоғамда «Заң мен тәртіп» қағидаты орныға түсті, азаматтарымыздың құқықтық сана-сезімі күшеюде.

Біз әр жетістікке жұртымыздың ерен еңбегінің арқасында жеттік. Азаматтарымыз білім, ғылым, мәдениет салаларында биік белестерді бағындырды. Олар халқымызды рухы асқақ, зияткер ұлт ретінде танытуға зор үлес қосты. Оқушыларымыз халықаралық білім сайыстарында топ жарды. Спортшыларымыз әлемдік додаларда үздік шықты, Көк туымызды желбіретті.

Биыл біз Жұмысшы мамандықтары жылын атап өттік. Еңбек адамдарына айрықша құрмет көрсеттік. Бұл үрдіс

алдағы уақытта да жалғасын табады.

Мемлекет мұғалімдер мен дәрігерлерге жан-жақты қолдау көрсетті және осы саясат ұзақмерзімді стратегиялық сипатқа ие болды. Еліміздің мәдениет және ғылым қайраткерлеріне жан-жақты қолдау көрсетілді.

Адал еңбектің қадірін білетін ұлттың келешегі де жарқын болмақ. Өз кәсібіннің нағыз маманы болған отаншыл азаматтар еліміздің көшін алға бастайды.

Осылайша, XXI ғасырдың бірінші ширегін абыроймен аяқтадық. Экономикалық және әлеуметтік көрсеткіштер бойынша Қазақстан осы саяси-географиялық кеңістікте көш бастады.

Біріміз бір ел болып Әділетті, Қауіпсіз, Күшті, Таза, Озық Қазақстанды құрып жатырмыз.

Енді, міне, Жылқы жылына аяқ басқалы тұрмыз.

Қазақ үшін қазанаттың орны қашанда бөлек. Халқымыз «Жылқы жылы жайлы болады» деп ырымдайды. Біз келесі жылдан көп жақсылық күтеміз. Өркениетті ұлт ретінде алысқа

көз тігіміз. Алға қойған биік мақсатымыз және нақты жоспарымыз бар.

2026 жылы Қазақстан жаңғырудың жаңа кезеңіне қадам басады.

Еліміздің жарқын келешегі үшін алдағы конституциялық реформаның мән-маңызы зор. Азаматтарымыз Қазақстанның өсіп-өркендеуіне тың серпін беретін бұл реформаны қолдайды деп сенемін.

Біз энергетикалық әлеуетімізді нығайтып, агроөнеркәсіп кешені, су шаруашылығы мәселелерін шешіп, көлік-логистика саласын және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының инфрақұрылымын дамыта береміз.

Шағын және орта бизнес әрдайым мемлекеттің назарында болады. Барлық өңірде жаңа кәсіпорындар ашылып, жолдар жөнделеді, сондай-ақ тұрғын үйлер, мектептер, денсаулық сақтау, спорт және мәдениет нысандары бой көтереді.

Мен биылғы Жолдауымда Цифрлық мемлекет болуымыз керектігін жарияладым. Сондықтан келесі жылды Цифрландыру және жасанды интел-

лект жылы деп атау туралы шешім қабылдадым. Озық технологиялар еліміздің барлық саладағы әлеуетін арттыруға жол ашпақ.

Өскеген ұрпаққа қамқорлық көрсету – басты міндетіміз. Менің бастамамен жүзеге асырылып жатқан «Ұлттық қор – балаларға» жобасы аясында осымен үшінші жыл қатарынан әр баланың есеп-шотына қаражат түседі. Мемлекет өзінің әлеуметтік міндеттемелерін орындай береді. Біз білім беру және денсаулық сақтау салаларын дамытуға әрдайым айрықша назар аударамыз.

Біз мемлекеттік маңызы айрықша «Таза Қазақстан» жобасын бір қоғам болып жүзеге асыра береміз.

Ауылдарымыз бен қалаларымыз таза, жасыл желегі мол әрі өмір сүруге қолайлы болуға тиіс.

Бұл Тәуелсіздіктің 35 жылдығына орай ел дамуына қосқан ең үлкен үлесіміз болмақ. Біз осы тарихи межені нақты іспен атап өтеміз.

«Бірлігіміз – әралуандықта» деген қағидатқа негізделген қоғамдық

келісім мен тұрақтылық – барлық жетістігіміздің бастауы.

Мемлекет алдағы уақытта да халықаралық құқыққа және ұлт мүддесіне сай келетін сындарлы әрі байыпты сыртқы саясат жүргізеді.

Қазақстанның ұсынысымен Біріккен Ұлттар Ұйымы 2026 жылды Халықаралық еріктілер жылы деп жариялады. Халықаралық еріктілер қозғалысы тілеуестік, мейірімділік сынды мызғымас адамгершілік құндылықтарын паш етеді. Бұл – біздің де халқымызға тән асыл қасиеттер.

Жаңа жылдың маңызды өзгерістерге толы жыл болары сөзсіз. Бұл өзгерістердің қаншалықты жемісті болатыны өзімізге байланысты.

Біз бәріміз табанды еңбек етуіміз керек, сонда ғана еліміз зор табысқа жетеді. Бұл, ең алдымен, халқымызға қажет.

Қадірлі достар!

Дәл қазір Жаңа жылды жұмыста қарсы алып жатқан азаматтарымыз бар. Бұл – өз ісіне адалдық пен қоғам алдындағы жауапкершіліктің жарқын көрінісі.

Мен Сіздердің табанды еңбектеріңізді жоғары бағалаймын. Сіздерге арнайы құттықтауымды жолдаймын. Елімізді көркейтуге үлес қосып жүрген барша азаматқа зор алғыс айтамын.

Шын мәнінде, туған елге қызмет етуден артық бақыт жоқ. Халқымыз «Ынтымақ бар жерде – ырыс бар» дейді. Сондықтан берекелі бірлігімізді сақтап, біртұтас ұлт болып елімізді дамыта берейік. Бүгін осы ерекше сәтте жастар мен балаларға үндеу жолдағым келеді.

Қазір – мүлдем жаңа құбылыстар және зор мүмкіндіктер дәуірі. Өркім, ең алдымен, өзіне, бойындағы күші мен қабілетіне сенуі керек.

Ұлы Абайдың «Өзіне сен, өзінді алып шығар, еңбегің мен ақылың екі жақтап» деген сөзі әрдайым өзекті. Белсенді, білімді, еңбекқор, тәртіпті, ұшқыр болыңыздар. Жолдарыңыз ашық болсын! Өрқашан алар асуларыңыз биік болсын!

Еліміздің әр азаматына зор денсаулық, амандық және табыс тілеймін!

Төрт құбыламыз түгел болсын! Өр шаңырақ жақсылыққа толсын!

Көк туымыз мәңгі желбіресін!

Отанымыз – Қазақстан Республикасы, Қазақ елі жасай берсін!

Жаңа жыл құтты болсын!

ОБЛЫС ӘКІМІ НҮРЛЫБЕК НӘЛІБАЕВТЫҢ ЖАҢА ЖЫЛ МЕРЕКЕСІМЕН ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті жерлестер!

Сіздерді Жаңа 2026 жылмен құттықтаймын!

Бұл – күнтізбенің ауысуы ғана емес, өткенді таразылайтын, жаңа бастамалар мен ізденістерге жол салып, жақсылыққа қадам басатын, жаңалыққа ұмтылатын ерекше мереке. Жаңа жылда жұртшылық бір-біріне ақжарма тілегін арнап, ізет-ілтипат білдіреді. Адамдардың сыйластығы мен татулығы осындай құрметтен бастау алады.

Мемлекет басшымыз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Халқымыз екі жылдың тоғысар тұсын ізгі ниетпен, ерекше көңіл-күймен күтеді. Өткен күндерді саралап, ескі жылға баға береді. Арман-мақсатын айқындап, болашаққа үлкен үмітпен қарайды» деген болатын.

2025 жыл еліміз үшін де, аймағымыз үшін де тарихи-саяси маңызды оқиғаларға толы берекелі әрі жемісті, жетістіктерге толы мерейлі жыл болды. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы аймағымызға арнайы жұмыс сапарымен келіп, облыстың даму қарқынына, атқарған жұмыстарымызға оң бағасын берді. Бұл – бәріміз үшін зор мәртебе.

Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз әрі Таза Қазақстанды құру жолында еңбек ырығын бір сәтке баяулатпаған жерлестеріміз бекем бірлік пен тату тірліктің, жасампаз жігер мен ерен еңбектің үлгісін көрсетіп келеді. Облыс бюджеті 2021 жылдан бері 246 пайызға өсті. Облысымыз барлық негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша республикада алғашқы орындарға тұрақтады. Жаңа заманауи ғимараттар, әлеуметтік және кәсіпкерлік нысандар, тұрғын үйлер бой көтеріп, жолдар, көпірлер, парктар мен саябақтар салынды. «Таза Қазақстан» акциясының аясында қалалар мен ауылдар жаңа келбетке ие болды.

Қадірлі ағайын!

Екі жылдың түйіскен тұсында елімізге амандық, халқымызға бекем бірлік, баршаның мықты денсаулық тілеймін! Әрбір ізгі істер мен жаңа бастамаларыңызға сәттілік серік болып, ел игілігі жолында толайым табыстарға, тың жетістіктерге жете беріңіздер!

Жылқы жылы іргелі істеріміздің бастауы, жақсылықтардың жалғасы болсын, кең-байтақ елімізге молшылығы мен ырыс-дәулетін, қасиетті жерімізге құт-берекесін әкелсін деп тілейміз!

Тәуелсіз еліміздің аспаны ашық, тұғыры өрқашан мықты болғай!

Жаңа жыл құтты болсын!



АРҒЫМАҒЫМ, ЖЕТТІҢ БЕ?!

Көңіл сүйген әнбісін,
Күлкің бейне хрусталь.
Жаңа жылым, армысың,
Алтын тұяқ, күміс жас.

Кім байлады көгенге,
Ең, далама екпінде.
Он екі жыл дегенде,
Арғымағым, жеттің бе?!

Өркениет қаш қандай,
Арғы бет пен бергі бет.
Қанатыңды от шалмай,
Қорғандарды қарғып от.

Токтап, мына майданды,
Саған үміт артамын.
Көзмоншаққа айналды,
Көктем түскен сауһарын.

Қара озырмай күс кейің,
Барамсың бақ тауға.
Тай суды ішпейтін,
Тайықтым мақтауға.

Биік тұрсын байрағым,
Асқақтасын ұраным.
Асыл тектім, айбарым,
Жан серігім, пырағым!

Д.АЯШҰЛЫ



ИНВЕСТИЦИЯ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ӨРКЕНДЕГЕН ӨҢІРГЕ КЕЛЕДІ



3 бетте



2026: ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС КҮТЕМІЗ?



4 бетте

Валюта бағамы

\$ 502,57 kzt

€ 591,68 kzt

₽ 6,42 kzt

Ауа райы:

Бейсенбі

☀️ +1°

☾ -1°

Жұма

☀️ +2°

☾ -2°

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

АЗЫҚ-ТҮЛІК БАҒАСЫ:
ТҰРАҚТАНДЫРУ
ҚОРЫНЫҢ
ӘЛЕУЕТІ ҚАНДАЙ?

Кеше ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру мәселесі қаралды. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.



Аймақта әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары бағасының өсу индексі 108,8 пайыз, бағаны тұрақтандыру мақсатында тауарлық интервенция жүргізіліп келеді. Атап айтқанда, кәсіпкерлік субъектілеріне қарыз беріліп, жәрмеңкелер ұйымдастырылады.

Қазіргі уақытта тұрақтандыру қорында 2 916 тонна өнім бар, 9 808 тонна өнімді жеткізуге келісімшарт жасалған. Оның ішінде 8 162 тонна көкөніске форвардтық келісім жасалып, бүгінгі күнге дейін 2 448 тоннасы жеткізілді. Қалғаны өндірушілер қоймасында сақталып, бекітілген кестеге сәйкес 2026 жылдың наурыз айына дейін кезек-кезеңімен жеткізіледі.

Бағаны тұрақты ұстау және сауда үстемесінің 15 пайыздан аспауын қамтамасыз ету үшін жергілікті сауда орындарымен келіссөздер жүргізілуде. Жыл басынан бері 158 жәрмеңке өткізіліп, онда 4 900 тонна өнім сатылды.

Сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті 260 кәсіпкерлік субъектісін тексеріп, 49-ын әкімшілік жауапкершілікке тартты. Қабылданған кешенді шаралардың нәтижесінде кейінгі 6 аптада баға индексі 99-100 пайыз деңгейінде тұрақты сақталып келеді.

Ішкі нарықты жергілікті өнімдермен қамтамасыз ету және бағаны тұрақтандыруда 62,1 млрд теңгенің 37 инвестициялық жобасы іске асырылуда.

Аймақта әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тұрақтандыру және бағаны бақылау жұмыстары ұдайы жүргізіледі.

ТАЛҚЫЛАНҒАН
МӘСЕЛЕЛЕР
БОЙЫНША
ТАПСЫРМА БЕРІЛДІ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Италияда өтетін 2026 жылғы қысқы Олимпиада ойындарына дайындық барысы және басқа да мәселелер талқыланған Үкімет отырысы өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.



Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысы жауапты сала басшыларына тапсырма беріп, алдағы мереке күндеріндегі жұмыс бағытын белгіледі.

– Италияда өтетін 2026 жылғы қысқы Олимпиада ойындарына дайындық барысы қаралып, Үкімет басшысы орталық атқарушы органдар мен өңір әкімдеріне тиісті тапсырмалар жүктелді.

Аймақта спорт саласын дамытуда маңызды жобалар қолға алынып, жүйелі жұмыс атқарылуда. 2025 жылы денешынықтыру мен спортты дамытуға жергілікті бюджеттен 38 млрд 213 млн теңге қаржы бөлінді.

Президент тапсырмасына сәйкес, спорт инфрақұрылымын дамытуға, бұқаралық спортпен шұғылданушылар санын арттыруға басымдық берілген. Алдағы уақытта барлық мүмкіндікті пайдаланып, қысқы спорт түрлерін өркендету қажет. Ол үшін «Мұз айдыны» спорт кешенінің, спорт мектептерінің әлеуетін толық пайдаланыңыздар. Қажет болса, қысқы спорт түрлеріне арналған кешен салу жобасын зерделеп, нақты ұсыныс енгізіңіздер. Тиімділігін, нәтижелілігін қатаң ескеріңіздер, – деді облыс әкімі.

Бүгінде аймақтағы 13 мыңнан астам спорт секциясында 370 мыңнан астам адам шұғылданады. Өңірдің климаттық ерекшелігіне байланысты қысқы спорттың 3 түрімен айналысатын 233 спортшы 17 секцияда жаттығады. Соңғы үш жылда 21 спорт кешені, Қызылорда қаласында 11 мың орындық жаңа стадион, «Самұрық Қазына Траст» қорымен бірлесіп «Теннис орталығы» салынды. Мүгедектігі бар жандарға арналған денешынықтыру-сауықтыру кешені, «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасымен тағы 5 спорт кешені, «Қызылорда Арена» бой көтеруде.

Жиында облыс әкімі алдағы мереке күндері күшейтілген режимде жұмыс істейтін коммуналдық қызмет саласының жауапты басшыларына тапсырма жүктелді. Бұдан бөлек, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасының тұрақтылығын қамтамасыз ету басты міндеттердің бірі екенін атап өтті.



МАЙДАНГЕРГЕ ҚҰРМЕТ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев, Қазақстанның Еңбек Ері Абзал Ералиевпен бірге Сырдария ауданына арнайы барып, Ұлы Отан соғысының ардагері Ахия Тасыровты Жаңа жыл мерекесімен құттықтады. Ақсақалға ізгі тілегін жеткізіп, дәстүрге сай иығына шапан жапты.

– «Қариясы бар елдің қазынасы бар» дегендей, өмір жолы өнегеге толы аға буынның тәжірибесі мен тағылымының өскелең ұрпақ үшін орны бөлек. Сіз майдан даласында ерлік көрсеттіңіз. Отан үшін от кешіп, елімізді жаудан қорғаған өзіңіздей батырларымыздың арқасында бүгінгі бейбіт күнге жеттік. Тәуелсіз Қазақстанымыз еңсесін тіктеп, бейбітшілік пен берекенің ордасына айналды.

Елге оралғаннан кейін де аймағымыздың өркендеуіне аянбай атсалысып, жарқын болашағына зор үлес қостыңыз. Қарт-

тарымыздың ақыл-кеңесі, ақ батасымен ұлттың ішкі тұтастығы сақталып, бірлік пен берекелі тіршілік үйлесім тауып келеді.

Үлкенге құрмет көрсету, жақсы істерін жастарға үлгі ету – біздің қасиетті парызымыз. Жыл алмасқан кездегі үміт пен арманға толы сәтте сізге мықты денсаулық, қажымас қайрат, отбасыңызға бақ-береке тілеймін! – деді облыс әкімі.

Айта кетейік, Ахия Тасыров – Қызылорда облысындағы жалғыз ҰОС ардагері 1922 жылы Тереңөзек ауданы, Қараөзек елді мекенінде дүниеге келген. 1941 жылдың

аяғында Ташкент облысы Фрунзе аудандық әскери комиссариатының шақыруымен әскерге алынған. Омбы қаласында алғашқы әскери дайындықтан өтіп, 1942 жылдың қазан айында майданға жіберілген. Соғыс жылдарында Сталинградты, Курскіні, Польшаны азат етуге қатысқан. Данциг портында аяғынан ауыр жараланып, соғысты Германияда аяқтап, 1945 жылы қыркүйек айында елге оралған.

Майданда көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл жұлдыз», І, II дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» ордендерімен, «Ерлігі үшін», «Германияны жеңгені үшін», «Кеңес Одағының Батыры Маршал Г.К.Жуков», Ұлы Жеңістің мерекелік медальдарымен марапатталған. Қызылорда облысының құрметті ардагері, Сырдария ауданының құрметті азаматы.

ҚАЛЫПТЫ ТІРШІЛІККЕ
ТІРЕК БОЛҒАҢДАР

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев «Қызылорда автобус паркі», «Қызылорда су жүйесі» мекемелеріне барып, қызметкерлерді Жаңа жылмен құттықтады. Кездесу барысында өңірде коммуналдық инфрақұрылымды жаңғыртуда атқарылған ауқымды жұмыстарға тоқталды.

– Президент пен Үкіметтің ерекше қолдауы арқылы жаңа жобалар сәтті жүзеге асуда. Кейінгі жылдары өңірдегі ең өзекті мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын жақсартуға, жаңа инфрақұрылымдық жобаларға қаражат бөлінді.

Сіздер қала тұрғындарына уақытпен санаспай, сапалы қызмет көрсетіп келесіздер. Тұрмыс-тіршілігімізге жайлылық сыйлап, аса маңызды салалардың дамуына зор үлес қостыңыздар. Алдағы жылда игі істеріміз жалғасын тауып, Жаңа жыл кең-байтақ елімізге молшылығы мен тоқшылығын, қасиетті жерімізге бақ-берекесін ала келсін! – деді облыс әкімі.

Жиында қаладағы қалыпты тіршілікті қамтамасыз ету саласында аянбай еңбек етіп, тәулік бойы үздіксіз жұмыс жасайтын сала қызметкерлері, еңбек адамдары облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.



ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қызылорда облысында ауызсу беру бойынша көрсетілетін қызметтердің құны субсидиялауға жататын сумен жабдықтау жүйелерінің тізбесіне енгізілген сумен жабдықтау жүйелерінен берілген ауызсудың бір текше метрі үшін төлемақы мөлшерін бекіту

туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2025 жылғы 9 желтоқсандағы №209 шешімі негізінде:

- 1) Қосылған құн салығын ескере отырып, ауызсуды есепке алу аспаптары бар тұтынушылар үшін – 70 теңге.
- 2) Қосылған құн салығын ескере

отырып, ауызсуды есепке алу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін – 120 теңге болып бекітілгендігін хабарлаймыз.

**«Қазсушар» ШЖҚ РМК-ның
«Сыр суы» филиалы**

/// ЖЫЛ ЖОБАЛАРЫ

Бүгінде еліміз әлеуетті инвестициялық жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін мемлекетке айналды. Қазақстанның әлемдік аренада ойып тұрып орын алуы мемлекет брендин жер-жаһанға танытты. Әлбетте, елдің инвестициялық тартымдылығына оның әлеуметтік және саяси тұрақтылығы, инвестициялық климаты, транзиттік әлеуеті тікелей әсер ететіні сөзсіз. Мемлекет басшысы Қазақстан халқына арнаған Жолдауында отандық және шетелдік инвестиция тарту міндетін айқындап берді. Бұл бағытта облыста ауқымды жұмыс атқарылып жатыр. Оның дәлелі Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың облысқа жұмыс сапарында айшықтала түсті. Мемлекет басшысы өңірдің даму әлеуетіне оң баға берді.

Облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының 17 желтоқсанда ұсынған мәліметіне сүйенсек, соңғы 3 жылда өңірге 1,6 трлн теңге көлемінде инвестиция тартылды. 2022 жылдан бері Үкімет бекіткен инвестиция жоспары артығымен орындалып келеді. Мысалы, 2021 жылы аймағымызға 308,9 млрд теңге инвестиция тартылса, 2024 жылы инфрақұрылымдық және инвестициялық жобалар есебінен бұл сома 673,7 млрд теңгеге жетті. Осылайша көрсеткіш 2,2 есе артқан.

2025 жылға 631,4 млрд теңге инвестиция тарту жоспарланған. Бұл мақсатта қала және аудан әкімдіктеріне индикаторлар бекітіліп, арнайы жол картасы қабылданды. Нәтижесінде 11 айда 717,9 млрд теңге инвестиция тартылып, жоспар 13,7 пайызға немесе 86,5 млрд теңгеге артық орындалды. Қызылорда облысында ауқымды инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес облыста инвестициялық ахуалды жақсарту бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. 2025-2028 жылдар аралығында жалпы құны 2,8 трлн теңге 98 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Бұл 12 мың жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. 2025 жылы инвестициялық пул аясында 54 жобаны іске асыру көзделсе, соның 40-ы іске қосылды.

Іске қосылған маңызды жобалардың қатарына «Қызылорда Саз М» ЖШС-ның заманауи кірпіш зауытын қосау болады. Кәсіпорын жылына 90 млн кірпіш шығарып, өңір қажеттілігінің 90 пайызын қамтамасыз етеді. Толық автоматтандырылған өндіріс орны 80 адамды жұмыспен қамтып отыр. Ал оған 5 млрд теңге инвестиция тартылды. Құрылыс индустриясын дамыту мақсатында шыны зауыты іске қосылған болатын. Бүгінде оның айналасында 3 жаңа кәсіпорын жұмыс жасап тұр. Соның бірі – 1,5 млрд теңге тартылған, жылына 720 мың шаршы метр айна шығаратын «АунаGlass» ЖШС. Серіктестік өнімі Алматы, Шымкент және Түркістан облыстарына табысты жөнелтілуде. «Комфорт-1 KZ» компаниясында жергілікті шыны зауытының шикізаты пайдаланылады. Жоғары сапалы терезелер мен шыны пакеттер өндіріледі. Кәсіпорын келесі жылы 22,6 мың шаршы метр шыңдалған шыны шығару желісін іске қосу арқылы өндірісті кеңейтуді жоспарлап отыр. Жоба құны – 5,5 млрд теңге. Ал «Достық» ЖК өңірдегі алғашқы толық автоматтандырылған, энергия үнемдейтін және басқа да түрдегі шыны пакеттер өндірісін іске қосты. Кәсіпорын тәулігіне 500 шаршы метр дайын өнім шығарады. Компания келесі жылы шыңдалған шыны өндіру цехын ашуды жоспарлап отыр. Бұл толық өндірістік цикл құруға және нарыққа қолжетімді әрі сапалы өнім ұсынуға мүмкіндік береді.

Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігін нығайтуға және жергілікті тұрғындардың әлеуметтік әл-ауқатын жақсарту бағытында «Қызылорда нан» серіктестігінің нан өндіру кешені іске қосылды. Мемлекет басшысы облысқа сапары барысында өндірістік кешен жұмысымен танысып, жоғары баға берді. Жалпы құны 5,6 млрд теңге (1 кезең – 3,1 млрд теңге) бұл кешен заманауи жабдықтармен қамтылып, толық автоматтандырылған. Мұнда нан-тоқаш, печенье және макарон түрлері, кондитерлік өнімдер өндіріледі. Жылына 2520 тонна көлемінде 100 түрлі өнім шығарып, қажеттіліктің шамамен 20 пайызын өтейді. Ал кондитерлік цех жылына 1 мың тоннадан астам 120 түрлі өнім өндіріп, сұраныстың 15 пайызын қамтамасыз етеді. Печенье цехында 15 түрлі өнім шығарылады, жылдық қуаттылығы – 2500 тонна. Бұл – өңір халқы қажеттілігінің 25 пайызы, яғни төрттен біріне тең. Макарон цехында 15 түрлі өнім өндіріледі, жылдық қуаттылығы – 1152 тонна. Бұл – облыс қажеттілігінің 12 пайызы. Кешен заманауи технологияларды пайдалана отырып, жоғары сапалы өнімдер өндіруде. Бағасы да қалтаға ауыр тимейді.

Шағын бизнеске қолдау көрсету мақсатында облыста шағын өнеркәсіптік аймақтар құру жобасы іске асырылуда. Осы мақсаттарға «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ 736 млн теңге бөлді, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялары оператор болып белгіленді. 2024 жылы жалпы ауданы 4 мың шаршы метрге жуық 2 шағын өнеркәсіптік парк құрылысы басталды. Биыл қазан айында бірінші парк – «Тұмар» ЖК іске қосылды, онда азық-түлік өнімдерін шығаратын 8 цех жұмыс жасауда. Туризмді дамыту және сервистік қызметтердің сапасын арттыру мақсатында «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізі бойында «Caspiian Service Asia» ЖШС заманауи жол бойы қызмет көрсету кешені ашылды. Жобаға жеке инвестор 1 млрд теңге көлемінде қаржы құйып, 64 жаңа жұмыс орнын құрды. Кешен құрамына қонақүй, 60 орындық автовокзал, 110 адамға арналған қоғамдық тамақтану орны және жанармай құю бекеті кіреді. Бұдан бөлек инвестор өңірдің құрылыс әлеуетін арттыру мақсатында жалпы құны 1,4 млрд теңге асфальт және бетон зауыттарын іске қосты. Бұл өңірдің құрылыс кластері ретіндегі маңызын, инфрақұрылымдық жобалардың тиімділігін арттырады. Биыл негізгі көлік бағыттарындағы сервистік қызмет сапасын арттыру мақсатында Арал ауданында «Petro Retail» ЖШС (2 млрд теңге) жобасы іске қосылды және «Алаш Метан» ЖШС Арал ауданы, Қызылорда қаласында сервистік қызмет нысандарының құрылысы жүргізілуде (1,2 млрд теңге). Енді қуаттылығы 240 МВт заманауи жылу-электр станциясы (215 млрд теңге), түйе сүтінен жылына 392 тонна құрғақ ұнтақ өндіру зауыты (3 млрд теңге), тұз зауыты іске қосылады. Сонымен қатар биыл шілде айында 37



ИНВЕСТИЦИЯ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ ӨРКЕНДЕГЕН ӨҢІРГЕ КЕЛЕДІ



2025 жылға 631,4 млрд теңге инвестиция тарту жоспарланған. Бұл мақсатта қала және аудан әкімдіктеріне индикаторлар бекітіліп, арнайы жол картасы қабылданды. Нәтижесінде 11 айда 717,9 млрд теңге инвестиция тартылып, жоспар 13,7 пайызға немесе 86,5 млрд теңгеге артық орындалды. Қызылорда облысында ауқымды инвестициялық жобалар жүзеге асырылуда. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес облыста инвестициялық ахуалды жақсарту бағытында жүйелі жұмыс жүргізіліп келеді. 2025-2028 жылдар аралығында жалпы құны 2,8 трлн теңге 98 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Бұл 12 мың жаңа жұмыс орнын құруға мүмкіндік береді. 2025 жылы инвестициялық пул аясында 54 жобаны іске асыру көзделсе, соның 40-ы іске қосылды.

млрд 800 млн теңге (1 кезең – 7,5 млрд теңге) корейлық «Унз Ю» компаниясы тұрмыстық қатты қалдықтар сұрыптау кешенінің, «Риксос» қонақүйінің (20 млрд теңге) құрылысын бастады. Жақын арада «Кальцийленген сода» зауыты (161,6 млрд теңге), «Шалкия» кен байыту фабрикасы (414,7 млрд теңге), «Баласауыскандық» кен орнында тау-металлургия комбинаты (63,7 млрд теңге), «Севен Риверс» компаниясының бөтелке шығаратын (60 млрд теңге) зауыттарының құрылысы басталады. Мемлекет басшысының Қатар еліне жұмыс сапары аясындағы үкіметаралық келісімге сәйкес қуаттылығы 1100 МВт, құны 1,6 трлн теңге бу-газ қондырғысын салу келісілді. Қазір техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленуде. Жоба 2028 жылы толығымен іске қосылады. Сонымен қатар испандық «Рока групп» компаниясы санитарлық-техникалық өнімдер шығару (44 млрд теңге), өзбекстандық «Ориент Керамик» компаниясы керамикалық тактайша шығару (27 млрд теңге), польшалық «Фабек-Агро» компаниясы жылыжай салу (134,6 млрд теңге), қытайлық «КСТ Энерджи» компаниясы кальцийленген керамикалық так-



тайша шығару (3,3 млрд теңге) жобаларының құрылысын бастауды жоспарлап отыр.

Аймағымызда өңдеу өнеркәсібіндегі 12 ірі кәсіпорын өндіріс барысында цифрландыру жүйесін пайдалануда. Атап айтқанда, шыны зауытында өнімді жинайтын, тасымалдайтын роботтар, шыны кесу үшін автоматты кешен қолданылуда. Күріш, цемент, күкірт қышқылы, айна зауыттарында, уран компаниясында («Байкен-Ю» ЖШС) автоматтандырылған басқару жүйесі жұмыс жасауда. Биыл іске қосылған кірпіш зауытында роботтар өнімді жинау, ал жиһаз цехында ағаш кесу және лазерлік дәнекерлеу жұмыстарын атқаруда. Жаңа жылу-электр орталығында Америка, Италия, Чехия, Түркияның автоматтандырылған технологиялары қолданылады. Нәтижесінде қолданыстағы ЖЭО-мен салыстырғанда жұмысшы саны 4 есе азаяды.

«Шалкия» кен орнында көлік басқару, қойма есептері, өндірістік қауіпсіздік процестеріне цифрлық жүйелер енгізілуде. Биыл кенді сұрыптауда жасанды интеллект технологиясы енгізілді. Ол пайдалы қазбаларды бөлек, бос жыныстарды бөлек сұрыптайды. Алдағы уақытта қатты қалдықтарды сұрыптайтын корейлық зауытта роботтар қалдықтарды түсі мен түріне қарай сұрыптайды. Ал электр энергиясын өндіру процесіне жасанды интеллект қолданылады. Күкірт қышқылы және уран компаниясы («Тураннум» ЖШС) кәсіпорынның барлық бизнес-процесіне жасанды интеллект элементтерін енгізбек.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес өңірде су үнемдеу технологиялары, суды аз қажет ететін дақылдар көлемін ұлғайту бойынша кешенді іс-шаралар атқарылуда. Өңірімізде құны 40 млрд теңге жүгері дақылын терең өңдейтін крахмал-сірне зауытын салу жоспарлануда. Жобаны іске асыру мақсатында жүгеріні кептіретін қондырғылар орнатылып, келер жылы күзде жиналатын жүгеріні қабылдау пунктін ашу, дақылды терең өңдейтін зауыт салу жоспарлануда. Осы бағыттағы тағы бір ірі жобаны швейцариялық «Харвест Агро» компаниясы іске асырмақ. Жоба аясында техникалық қарасора, жүгері мен соя өсіру, қайта өңдеу бойынша аграрлық-индустриялық кластер құру көзделген. Жобалардың жалпы құны – 51 млрд теңге. Бұл өндіріс орындарының аграрлық аймақ үшін маңызы зор. Аэрохабтарды дамыту жөніндегі Президент тапсырмасы аясында облыста «Қорқыт ата» жаңа әуежайының терминалы жанынан инвестициялық ахуалды одан әрі дамыту мақсатында 550 гектар арнайы экономикалық аймағы құрылды. 18 басым бағыт белгіленді. Экономикалық аймақ авиацияға қызмет көрсету, қоймалау, сақтау және өнеркәсіптік сияқты 3 бөліктен тұрады. Қазіргі таңда арнайы экономикалық аймақты өндірістік нысандармен толықтыру мақсатында инвесторлармен келіссөздер жүргізілуде. Географиялық орналасуы мен климаттық жағдайына байланысты аймақта күн мен жел энергиясын өндіру үлкен әлеуетке ие. Бүгінгі күні облыс аумағында жалпы қуаттылығы 89 МВт 9 күн электр станциясы жұмыс істейді. Алдағы 3 жылда 90 млрд теңгеге қуаттылығы 300 МВт-тан астам 7 күн, 2 жел электр станциясын іске қосу жоспарланған. Биыл 11,7 млрд теңгенің қуаттылығы 40,5 МВт 2 күн электр станциясы іске қосылады («Тесис» ЖШС – 40 МВт, «Freedom Telecom» ЖШС – 0,5 МВт). Келер жылы жалпы қуаттылығы 160 МВт 3 күн мен 1 жел электр станциясы (50,4 млрд теңге) жұмысын бастайды. Алдағы уақытта 100 МВт-тық 2 күн және 1 жел электр станциясының (27 млрд теңге) құрылысы басталады. Атап өту керек, облыстың энергияға қажеттілігі күніне 203 МВт болса, аталған жобалар іске қосылғанда өңіріміз толықтай қамтамасыз етіледі.

Облыста жүзеге асырылып жатқан инвестициялық жобалардың табысты орындалуына, инвестиция көлемінің артуына және жаңа мүмкіндіктердің ашылуына бұл жобалардың қосар үлесі қоммақты.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»



ЕҢБЕК АДАМЫ ДӘРІПТЕЛГЕН ЖЫЛ

Мемлекет басшысының Жарлығымен өткен жыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп аталды. Аймақта атаулы жылда атқарылған жұмыстарды сараласақ, жастардың тегін кәсіптік білім алуына барынша мүмкіндік жасалып, мемлекеттік тапсырыс көлемі өткен жылмен салыстырғанда 700 орынға артқан.

Айталық, өңірде 28 колледж бар. Онда 87 мамандық 135 біліктілік бойынша 20 562 студент білім алуда. Оның ішінде 19 колледжде 37 мамандық 53 біліктілік бойынша 5469 жұмысшы кадрлар даярланады.

Жыл аясындағы жемісті жұмыстардың қатарында атап өтуіміз керек, өңірдегі колледждер 7 халықаралық, 98 республикалық, 56 аймақтық оқу орындарымен, 161 ынтымақтастық меморандум жасасты. Аталған келісім аясында Түркия, Қырғызстан, Германия, Ресей, Латвия, Өзбекстан, Польша мемлекеттеріндегі оқу орындарымен тәжірибе алмасып, уақыт талабына сай сапалы мамандар даярлауға мүмкіндік арта түспек.

Соның бір көрінісі, И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжі энергетика және құрылыс мамандықтары бойынша APES Training Center тренингтік орталығы арқылы халықаралық аккредитациядан өтті.

Колледж директоры Абайбек Жүнісовтің айтуынша, білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастық — сапалы және заманауи оқытуды дамытуда маңызды рөл атқаратын негізгі факторлардың бірі. Ол озық педагогикалық тәжірибе алмасуға, студенттер мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын арттыруға, сондай-ақ жаһандық ойлау жүйесін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

— Халықаралық ынтымақтастықты дамыту мақсатында И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжі және Германияның Seven Rivers Technologies компаниясы және Польшаның Wsg Bydgoszcz университеті арасында ынтымақтастық туралы меморандум жасалды. Меморандум бойынша колледж Қызылорда қаласындағы шыны зауытына мамандарды дуальдық жүйеде дайындауға көшті. Seven Rivers Technologies компаниясы Horn Glass Industries AG неміс компаниясының жабдықтары мен технологиясын пайдалана отырып, шыны ыдыстарды шығарады. Seven Rivers Technologies компаниясының өндірістік қуаты — жылына 220 миллион шыны ыдысы.

И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда политехникалық жоғары колледжі бастаманы қорғау қоғамдық бірлестігімен бірге отырып, 2024 жылдың қараша айынан бастап бүгінгі уақытқа дейін Германиядан SES эксперттері «Электротехника», «Құрылыс», IT, «Автомобильді көлігіне техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану» ма-



мандықтары бойынша кәсіби білікті мамандар колледж оқытушыларына тәжірибелерін бөлісті. Осылайша SES қайта даярлау, біліктілік арттыру, жаңа әдістерді енгізу, техникалық және экономикалық мәселелерді шешу қызметтері бойынша өзара ынтымақтастық нығайып келеді, — дейді колледж директоры.

Бұдан бөлек, колледж 2024 жылы «Электрмен қамтамасыз ету» өткен жылы «Құрылыс» мамандықтары бойынша «Жобалық басқару» біліктілігімен Флорида (АҚШ) штатындағы NCCER орталығы білім беру қызметінің халықаралық салалық аккредиттеуінен өткен. Нәтижесінде «Коммерциялық электрик» біліктілігімен 11 түлек халықаралық сертификатталса, «Жобалық басқару» біліктілігімен 15 білім алушы сертификатталуға дайындық үстінде. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы жылы да жалғасын тауып, City and Guilds компаниясынан «Ветеринария» мамандығын өткізу жоспарлануда.

«Жұмысшы мамандықтары жылында» М.Ысханов атындағы техникалық — IT жоғары колледжінде «Құзыреттілік орталығы», «Мансап орталығы» және «Бизнес-стартап» жобасы жүзеге асырылса, Арал индустриалды-техникалық және Қызылорда құрылыс

және бизнес колледжі базасында тігін цехы ашылды.

Колледж директорының оқу-өндірістік жұмыстар жөніндегі орынбасары А.Ертілеуованың айтуынша, «Бизнес-стартап» орталығында колледж түлектерінің әзірлеген кәсіпкерлік жобаларына құқықтық, заңнамалық тұрғыда көмек көрсетіледі. Ал «Мансап орталығы» оқу орнын бітіруші түлектерді «Еңбек KZ» порталына тіркеп, бос жұмыс орындары жәрмеңкесіне қатысуына қолдау көрсетеді. Сондай-ақ білім алушылардың тәжірибеден өтетін базалық мекемелер аясын кеңейту, дуальдық оқытудағы мамандықтарға әлеуметтік серіктестер табу, түлектерге мамандық таңдауда бағыт-бағдар беруді жүзеге асырады.

— Бұл ретте М.Ысханов атындағы Қызылорда техникалық — IT жоғары колледжі мен облыстық кәсіпкерлер палатасы, облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Еңбек мобильділігі орталығы» мекемесі арасында меморандумға қол қойылды.

Оқу орнының бастамасымен «Өрлеу» БАҰО АҚ филиалының облыс бойынша кәсіби даму институты, Respublica партиясы облыстық филиалы және Venera Print жарнама агенттігі арасында тұрақты әріптестік байланыс орнатылған. Бұдан бөлек, колледж түлектері Hyundai Avto Kyzylorda ЖШС жеңіл автокөліктерді жөндеу орталығы, «Хан» ЖШС темір бұйымдарын дайындау цехында өндірістік тәжірибеден өтеді. Бірлесіп атқарылған жұмыстардың нәтижесінде колледж бітірушілерінің 70 пайызы жұмыспен қамтылып отыр, — дейді ол.

Аудандардағы кәсіптік білім беру бағыты жайлы айтар болсақ, Арал ауданындағы индустриалды-техникалық колледжінде бүгінде 300-дей студент білім алады. Оқу орнында мемлекеттік лицензияға сәйкес 6 мамандық, 7 біліктілік бойынша даярлануда. 20-дан астам жеке әлеуметтік серіктестікпен келісімшарт жасалған.

«Жас маман» жобасы аясында оқу шеберханалары дәнекерлеу тренажері, тігін машиналары сияқты инновациялық технологиялармен жабдықталған. Бұл колледж студенттерінің теориялық білімін еңбекпен жетілдіріп, яғни тәжірибеден ұштастырып, білікті маман болып қалыптасуына барынша ықпал етеді.

Ал Жалағаш ауданындағы индустриалды-аграрлық колледжінде еңбек нарығына қажетті 5 мамандық, 10

біліктілік бойынша даярланады. Нақтырақ айтсақ, мұнда білім алушылар аспаз, кондитер, құрылысшы, ауыл шаруашылығы механизаторы, электромонтер, жеміс-көкөніс өсіруші сияқты кәсіптерді игеріп шығады. Колледжде 2025-2026 оқу жылында 78 студент қабылданған. Жалпы 242 студент білім алады, оның ішінде 184-і шәкіртақымен қамтылған.

Кейінгі жылдары оқу орнының материалдық-техникалық базасы жаңартылып, «Тамакандыруды ұйымдастыру», «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» мамандықтары «Жас маман» бағдарламасы бойынша жаңа үлгіде жабдықталған. Сонымен қатар, спорттық жаттығу залы да жаңартылып, қазіргі талапқа сай қызмет көрсетеді.

«Ауыл шаруашылығын механикаландыру» мамандығы бойынша заманауи техникалар алынып, колледж студенттерінің практикалық білімін көтеруге мән берілген. Бұл бағытта аудандағы іргелі шаруашылық — Таң

атлас бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп, кәсіптік даярлаудың бағыты одан әрі кеңейіп түседі деген болжам бар.

Жыл аясындағы жетістіктерге қысқаша шолу жасайтын болсақ, қазан айында Ақтау қаласында өткізілген «TurkicSkills» халықаралық чемпионатта «Сән технологиясы» құзыреттілігі бойынша Абылай хан атындағы жоғары колледж студенті Жансая Абдуллаева 1-орынды жеңіп алды. Сондай-ақ қараша айында колледж студенттері арасында өткізілген «Төтенше жағдайда қорғау» мамандығы бойынша республикалық байқауда облыс командасы 1-орын иеленді.

Ал 1-9 желтоқсан аралығында Астана қаласында өткізілген «WorldSkills Kazakhstan» Ұлттық чемпионатында өңір студенттері 1 күміс, 5 қола медаль және 5 медальон иеленді. Өткен жылдары да



ЛТД ЖШС-мен келісімшарт жасалып, жас мамандар шаруашылық егін-жайында тәжірибеден өтеді. Ал «Тамакандыруды ұйымдастыру» мамандығы бойынша білім алушылар аудандағы жеке кәсіпкерлік нысанға тәжірибеден өтуге барады. Сондай-ақ жаңаша жабдықталған асханада «Аспаз зертханасы» жұмысы жолға қойылған. Бүгінгі уақыт талабына сай жабдықталған асханада барлық ас түрін әзірлеуге, кондитерлік өнімдер дайындауға мүмкіндік мол.

Облыстық білім басқармасы техникалық және кәсіптік білім бөлімінің басшысы Бекжан Шәкізатулының айтуынша, кәсіпке даярлаудағы жаңашыл бастамалардың нәтижесінде жас түлектердің де өз таңдауына деген талпынысы артып келеді. Бұл орайда «Мамандығым — болашағым» жобасы аясында жаңа кәсіптер атласының жобасы әзірленген. Алдағы уақытта осы

аталған чемпионатта аймақ түлектерінің жоғары нәтиже көрсеткенін айта кеткеніміз жөн. Ал биыл М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі республика бойынша «Үздік педагогикалық колледж - 2025» номинациясының жеңімпазы атанды.

Колледждерге қатысты тағы бір жаңалықты айта кетейік, биыл «Саутс ойл» компаниясының демеушілігімен 4,8 млрд теңгеге 250 орындық жатақханасы бар 400 орындық музыкалық колледждің жаңа ғимараты пайдалануға берілді.

Бір сөзбен айтқанда, «Жұмысшы мамандықтар жылында» кәсіптік білім беру саласында біршама жаңашыл бастамалар енгізіліп, оған сәйкес нәтиже де айқындалып отыр.

Ғазиза ӘБІЛДІ,
«Сыр бойы»

Жұртшылық Жаңа жылда жақсылыққа үміттеніп, өзгеріс күтетіні анық. Жыл сайын елімізде халықты әлеуметтік қолдау шаралары жалғасын тауып келеді. Айталық, келер жылы шағын және орта бизнесті ынталандыру, инвестициялық ахуалды жақсарту, елдегі экономикалық жағдайды тұрақтандыруға бағытталған ауқымды істер бар. Жаңа жылда бұл бастамалар қалай жүзеге асады? Газет тілшісі саралап көрген еді.

МӘМС жүйесіндегі ауқымды өзгеріс

Биылдан бастап еліміздің денсаулық сақтау жүйесінде тегін медициналық кепілдендірілген көмек көлемі мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға қатысты ауқымды өзгерістер күшіне енеді. Жаңа өзгерістер Мемлекет басшысының Жолдауында берілген тапсырмаларға сәйкес медициналық көмектің бірыңғай пакетін қалыптастыруға бағытталған. Басты мақсат — азаматтардың сақтандыру мәртебесіне қарамастан әлеуметтік маңызы бар аурулар бойынша медициналық көмектің қолжетімділігін арттыру және МӘМС жүйесінің қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету. Қызылорда облысында бүгінде 818 мыңнан астам адам тіркелсе, олардың 83,6 пайызы сақтандырылған. Ал сақтандыру мәртебесі жоқ азаматтарды қамту үшін жаңа тетіктер енгізілмек.

Енді дағдарыс және шұғыл жағдайдағы әлеуметтік тұрғыдан осал азаматтардың, сондай-ақ ресми жұмыссыздардың МӘМС жарналары жергілікті бюджет есебінен төленеді. Бұл сақтандырылғандар санын айтарлықтай азайтады. Сонымен қатар, кемінде бес жыл қатарынан жарна төлеген азаматтар уақытша төлем тоқтаған жағдайда алты айға дейін сақтандырылған мәртебесін сақтай алады. Бұл норма жұмыссыз аяйрылған азаматтарға медициналық көмекті үздіксіз алуға мүмкіндік береді.

Онкологиялық аурулар, инфаркт, инсульт, вирустық гепатиттер секілді бірқатар әлеуметтік маңызы бар дерттер



ҚОСЫМША ҚҰН САЛЫҒЫ

бойынша диагностика мен скринингтер сақтандыру мәртебесіне қарамастан тегін жүргізіледі. Ал қант диабеті мен жүрек-қан тамырлары аурулары сияқты созылмалы сырқаттарды емдеу толықтай МӘМС пакетіне ауыстырылады.

Мобильді аударымдарға қатысты жаңа ереже

Бүгіннен бастап жеке тұлғалардың банктік шоттары бойынша жүргізілетін операцияларға қатысты салық заңнамасына өзгерістер енгізіледі. Жаңа талаптарға сәйкес, кәсіпкерлік қызметтен кіріс алу белгілері бар операцияларды айқындау үшін қосымша өлшемшарттар белгіленеді.

Бұған дейін жеке тұлғалардың шот-

2026: ҚАНДАЙ ӨЗГЕРІС КҮТЕМІЗ?



Қоллақ жасаған Қ.Оразабе

тары бойынша тек аударымдар саны ескерілгені. Айталық, 3 ай қатарынан 100 және одан да көп әртүрлі тұлғадан қаражат түскен жағдайда ғана кәсіпкерлік табыс белгілері бойынша тексеру жүргізілетін еді. Енді жеке тұлғаның кәсіпкерлікке арналмаған шотына 3 ай қатарынан әр айда 100 түрлі адамнан қаражат түсіп, оның жалпы сомасы ең төменгі жылдақының 12 еселенген мөлшерінен асса, мұндай операциялар кәсіпкерлік қызметтен алынған табыс ретінде қарастырылады. Демек, ең төменгі жалақы мөлшері 85000 болып есептелсе, жалпы сома мөлшері 1020000 теңге көлемінде болады. Егер азамат өз шотына түскен қаражаттың кәсіпкерлік қызметке қатысу жоқ екенін дәлелдей алса, кәсіпкер ретінде тіркелуге міндетті емес. Ал дәлелдемелер ұсынылмаған

жағдайда, заңнама талаптарына сәйкес кәсіпкер ретінде тіркелуі қажет.

Жаңа «Салық кодексі» іске қосылады

Қолдау шараларының бірі ретінде АИ-92 маркалы бензин мен дизель отынының, сондай-ақ коммуналдық тарифтердің қымбаттауына мораторий енгізілетінін айтуға болады. Жеңілдетілген декларация негізінде арнайы салық режимін қолдануға шектеулер алынып тасталды. Осылайша, тыйым салынған қызмет түрлерінің саны 44 бағытқа қысқарды. Бүгіннен бастап шағын бизнеске қатысты салықтық тексерістер, камералдық бақылаулар және сот талаптары тоқтатылады.

Қаржы сарапшыларының айтуынша, алдағы үш жылда жүзеге асатын макроэкономикалық тұрақтандыру мен халықтың әл-ауқатын арттыру бағдарламасы, республикалық бюджет пен жалпы трансферттер туралы заң жобалары жаңа бағыттың өзегі болмақ.

Жаңа жылдан бастап жаңа «Салық кодексі» іске қосылады. Енді камералдық тексерістер, есептіліктерді салыстыру болмайды. Бірақ резидент емес тұлғалар бұл жеңілдікке ілікпейді. Қазір Қазақстанда 2,38 миллион шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі тіркелген, оның ішінде нақты жұмыс істеп тұрғаны — 2,18 миллион. ШОБ-тың жалпы ішкі өнімдегі үлесі 39%.

Салықтық тексерістердің уақытша тоқтатылуы кәсіпкерлерге өз ісін кеңейтуге мүмкіндік береді. Әкімшілік кедергілер азайып, бизнесті дамытуға қолайлы жағдай туады.

Әлеуметтік төлемдер артады

1 қаңтардан бастап Ұлттық банк айқындайтын болжамды инфляция деңгейіне сай мемлекеттік жәрдемақылардың барлық түрі, базалық және ынтымақты зейнетақылар 10%-ға ұлғаяды.

Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, 2023 жылдан бастап бес жыл бойы ең төменгі базалық зейнетақы мөлшерін күнкөріс деңгейінің 70%-ына дейін, ал ең жоғары мөлшерін 120%-ына дейін кезең-кезеңімен жыл сайын арттыру жүзеге асырылып келеді. Осылайша, 2026 жылы 1 қаңтардан бастап базалық зейнетақының ең төменгі мөлшері 35 596 теңге (күнкөріс деңгейінің 70%-ы) болады. Ал ең жоғары мөлшері күнкөріс деңгейінің 110%-ынан 118%-ына дейін өсіп, 60 005 теңгеге жетеді.

Мәселен, 2019 жылы зейнетке шыққан 70 жастағы зейнеткерге биыл бюджеттен төленген зейнетақы мөлшері 171 588 теңге болса, оның ішінде базалық зейнетақы төлемі — 50 851, ынтымақты зейнетақы — 120 737 теңге.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

БІЛІМ

2025 жылы пайдалануға берілген физика-математика бағытындағы мамандандырылған «Білім-инновация» лицей-интернатын сала бойынша жылдың жаңалығы десек болады. Лицей-интернаттың ашылуына академик, Қазақстанның Еңбек Ері Асқар Жұмаділдаев қатысты.



ФИЗИКА-МАТЕМАТИКА ЛИЦЕЙ-ИНТЕРНАТЫ

Физика-математика лицей-интернатының директоры Ерлан Қоңырбаев – С.Демирел атындағы халықаралық университет түлегі. Информатика пәнінің мұғалімі, ғылым магистрі. Оның айтуынша, мұнда білім беру әдісі мемлекеттік стандартқа сай, айырмашылығы, жаратылыстану пәндерінің барлығы ағылшын тілінде оқытылады. Физика-математика пәндері аптасына 4-5 сағат, сонымен бірге ағылшын тілін тереңдетіп оқытуға басымдық берілген.

Лицей-интернатта 8 сынып бар. Қазір 200 бала оқып жатыр. Келесі жылға қабылдау тәртібі жөнінде айтар болсақ, ақпан айының 1-нен бастап сауірдің ортасына дейін тіркеу, ал мамыр айында қабылдау емтиханы болады. Емтиханға қатысқан оқушылар арасынан іріктелген 75 оқушы 7-сыныпқа қабылданады. Оның ішінде 15 пайыз әлеуметтік осал топтың балалары алынады. Бүгінде осы топтан алынған 30 бала оқып жатыр. Сонымен қатар, 10 пайыз ауыл мектептері арасында өткізілетін «Мың бала» сайысы жеңімпаздары қабылданады. Бұл екі санаттағы 25 пайыз бала бөлек конкурспен өтеді. Ал қалған 75 пайыз оқушы жалпы конкурспен қабылданады. Айта кетейік, өткен жылы Қазақстанның 17 аймағынан 1445 бала құжат тапсырған.

Лицей-интернатта 24 педагог бар. Оның 16-сы «Білім-инновация» лицейлерінен ротациямен келген, ағылшын тілінде білім береді. Бұдан бөлек, психолог, әлеуметтік педагог, тәрбиешілер қызмет етеді. Бір сөзбен айтқанда, білім ошағы математика пәніне қызығушылығы зор, жаратылыстану бағытында жан-жақты ын-талы балаларды тереңдетіп оқытады. Бүгінгі күннің өзінде білім алушылар түрлі бағытта ғылыми жобалар дайындап, бәсекеге қабілетін шыңдау үстінде.

Өңірдің білім беру саласына қолдау жылдан-жылға арта түскен. Айталық, бұл салаға кейінгі 3 жылда 812 млрд 245 млн теңге, биыл 346 млрд 800 млн теңге бөлінген. Өткен жылы 13 білім беру ұйымы жаңадан ашылды. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында 10 жаңа мектеп салынып, пайдалануға берілді. Бұдан бөлек, 2023 жылдан бері өңірдегі 9 мектептің жанынан қосымша ғимарат бой көтеріп, үш ауысымдық мектептер мәселесі түбегейлі шешімін тапты.

«ҚазГермұнай» компаниясының демеушілігімен Қызылорда қаласында заманауи үлгідегі Оқушылар сарайы және Жаңақорған, Шиелі, Жалағаш аудандарынан Оқушылар үйі мен

Өнер мектебі, «Сыр жұлдыздары» балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық-инновациялық академиясы пайдалануға берілді. Сондай-ақ «Сауте Ойл» компаниясының демеушілігімен музыкалық колледждің жаңа ғимараты салынды.

«Қазақстан халқына» қоры арқылы 2 мектеп ауылдық жерлердегі ресурстық орталықтар ретінде интерактивті және заманауи оқу кабинеттерімен, тағы 58, оның ішінде 8 шағын жинақты мектепті физика, химия, биология пәндік кабинеттерімен жабдықталды.

Биыл екінші жыл қатарынан Ұлттық бір-ыңғай тестілеу нәтижесімен аймақ республикада үздік атанды. Жоғары оқу орындарына бөлінген мемлекеттік грантты иемдену бойынша да талапкерлеріміз бірінші орынға шықты.

Облыс командасы желтоқсан айында өткен ауыл мектептері оқушыларына арналған республикалық пәндік олимпиада қорытындысымен қоғамдық-гуманитарлық бағытта 2-орын, жаратылыстану-математикалық бағыты бойынша 3-орынды иемденді.

Боливия мемлекетінің Сукре қаласында мектеп оқушыларына арналған XXXVI халықаралық олимпиадаға (International Olympiad in informatics-IOI) Қазақстан құрама командасы атынан сайысқа түскен Қызылорда қаласы С.Шаухаманов атындағы №9 Білім-инновация лицей-интернатының 11-сынып оқушысы Мансұр Мамадахунов күміс медаль иеленді. Тағы бір жетістік, Worldskills Kazakhstan – X республикалық чемпионатында қызылордалық жастар 1 күміс, 5 қола медаль және 5 үздік маман медальонымен жеңіп алды.

Аймақ ұстаздары «Мектепке дейінгі ұйымның жыл әдіскері», «Мектепке дейінгі ұйымының үздік педагогі», «Экологиялық білім берудің үздік ұйымы», «Үздік авторлық бағдарлама», «Дарынды балаларға – талантты ұстаз», «Педагогикалық идеялар фестивалі», «Математикалық регата», «Үздік педагог – 2025» аталымдары бойынша республикалық конкурстарда абырой биігінен көрінді.

Айта кетейік, облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, 9 мектеп қайта жаңғыртылған болса, алдағы үш жылда 51 мектеп күрделі жөндеуден өтеді деп жоспарланып отыр.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

ДЕНСАУЛЫҚ

СЫР МЕДИЦИНАСЫНЫҢ ЖЕТІСТІГІ

Еске салсақ, Тәуелсіздік күні қарсаңында Сыр медицинасының тарихында тұңғыш рет бір күнде үш наукастың ағзасы ауыстырылды.

Алғашқы трансплантация 41 жастағы әйел адамға жасалды. Реципиенттің ағасы донор болып, бүйрегін берді.

Екінші трансплантация 20 жастағы жігітке жасалып, донор ретінде наукастың 54 жастағы анасы қатысты.

Ал үшінші пациент – 43 жастағы әйел, донор болған оның жұбайы.

Трансплантацияны көпбейінді облыстық аурухананың бас дәрігері, трансплантолог, PhD Жасұлан Баймаханов, бас дәрігердің хирургия жөніндегі орынбасары, PhD Ербол Серікұлы және А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығының трансплантологтары Ернұр Белгібаев, Елшат Нәбиевтің командасымен бірлесіп жасады. Қазір наукастардың жағдайы жақсы.

Айта кету керек, бұған дейін ауруханада 8 рет бүйрек, 1 рет бауыр алмастыру отасы сәтті аяқталды. Оның ішінде биыл тамыз айында бір күнде екі наукасқа бүйрек ауыстыру операциясы жасалған болатын.

Жалпы аймақта кейінгі жылдары жоғары технологиялық медициналық қызмет көлемі артып келеді. Биыл 10 айда тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында жалпы сомасы 706,7 миллион теңгеге 104 жоғары технологиялық медициналық қызмет көрсетілді. Ал 11 айда облыстық ауруханада 9071 ота жасалса, оның 130-ы жоғары технологиялық медициналық көмекке жатады. Мұндай оталардың жиі жасалуы мамандардың біліктілігіне де байланысты екені сөзсіз. Осы орайда өңірде денсаулық сақтау саласы мамандарының біліктілігін арттыруға да ерекше көңіл бөлінуде. Мәселен, биыл 41 медицина қызметкері Германия, Ресей, Литва, Беларусь елдерінің клиникаларында біліктілігін арттырған.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, кейінгі 3 жылда жергілікті бюджет қаражаты есебінен мамандар біліктілігін арттыруға 375 млн теңге бөлінді. Негізгі басымдық ана мен бала денсаулығын қорғауға беріліп, 84 акушер-гинеколог, 44 неонатолог, 42 реани-

матолог, 19 педиатр дәрігер оқытылған.

Тұрғындардың денсаулығын нығайту – маңызды міндеттің бірі десек, жоғарыда айтып өткеніміздей, бірқатар кешенді жұмыс жүргізіліп, нәтижесінде негізгі медициналық-демографиялық көрсеткіштердің оң үрдісі байқалды.

Мәселен, сәби өлімі 17%-ға, катерлі ісіктерден болатын өлім-жітім 9%-ға, қан айналым жүйесінен орын алатын адам өлімі 1,5%-ға төмендеді. Нәтижесінде күтілетін өмір сүрудің орташа көрсеткіші 2022 жылмен салыстырғанда 74 жастан 75,2 жасқа артты.

Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы өңірде қарқынды жүзеге асуда. Ұлттық жоба аясында жалпы құны 10 млрд 200 млн теңгеге құрайтын 28 нысан пайдалануға беріліп, халық игілігін көруде. Осылайша, 46 мыңнан астам ауыл тұрғынының медициналық көмекке уақытылы қолжетімділігі артып, 190 төсек-орын күндізгі стационарларда ем алады.

«Қамқорлық» балалар оңалту орталығы алдымен Жаңақорған ауданында, кейін Арал ауданында ашылды.

Желтоқсанның басында облыстық көпбейінді балалар ауруханасы базасында «Қамқорлық» ерте араласу орталығы ашылды. Бұл орталық туғаннан бастап үш жасқа дейінгі балалармен, соның ішінде неврологиялық және ор-

2025 Сыр медицинасы үшін жетістікке толы жыл болды деп сенімді түрде айта аламыз. Оған бірінен соң бірі салынып, ел игілігіне беріліп жатқан заманауи денсаулық сақтау нысандары мен алынып жатқан озық технологиялық құрал-жабдықтар, жасалып жатқан күрделі оталар қуә. Әсіресе, көпбейінді облыстық ауруханада алғаш рет бір күнде үш наукасқа жасалған бүйрек трансплантациясын жыл жаңалығы десе болғандай.



топедиялық бұзылу қаупі бар сәбилермен, сондай-ақ шала туған балалармен жұмыс істеуге бағытталған.

Кейінгі үш жылда 6 млрд теңгеге 24 нысанға күрделі жөндеу жүргізілсе, 1 млрд 200 млн теңгеге 44 денсаулық сақтау нысанының жылу жүйесі газға ауыстырылды.

Өңірдің денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жаратқандыруға да баса назар аударылууда. Кейінгі 3 жылда денсаулық сақтау ұйымдарын материалдық-техникалық жабдықтармен қамтамасыз ету үшін 15 млрд теңгеге медициналық құрал-жабдықтар сатып алынды, оның ішінде КТ, МРТ, ангиограф сияқты техникалар бар. Аудандық ауруханалар КТ аппаратымен толығымен қамтамасыз етілді. Нәтижесінде медициналық құрал-жабдықтармен жаратқандырылу деңгейі 2022 жылы 83,2 пайыздан бүгінде 88,1 пайызға жоғарылады.

Мемлекет басшысының Жолдауында айтылғандай, еліміздің басты құндылығы – адам. Бұл – айқын нәрсе. Ұлт саулығы жақсы болса ғана, қоғам орнықты дами-ды.

Облыстың денсаулық сақтау саласындағы ауқымды жоспарлар мен игі жасқалықтардың барлығы тұрғындардың саулығы үшін жасалуда. Бұл жұмыстар алдағы уақытта жалғаса бермек.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ



ЖАҚСЫ ЖОЛДЫҢ ҮЛЕСІ – 95 ПАЙЫЗ

Облыста 2022-2025 жылдары 1600 шақырым автомобиль жолы мен 30 көпір өткелін салуға және күрделі жөндеуден өткізуге 150 млрд теңгеге жуық қаржы бөлінген еді. Нәтижесінде биыл аймақтағы жақсы жағдайдағы жолдар үлесі 95 пайызға жетті. Жалпы өңірдегі жол жағдайына қатысты іргелі жұмыстарды бұған дейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Орталық коммуникациялар қызметінің брифингінде де тізбектеп айтқан болатын.

Аймақ басшысының сөзінше, осы жылы жол инфрақұрылымын дамытуға бюджеттен 50 млрд 605 млн теңге бөлінген. 329 шақырым автомобиль жолы, көшелер мен көпір өткелдері жөндеуден өтті. Қызылорда қаласындағы 270 көше қайта жаңғыртылды.

– Жақында «Қызылорда-Жезқазған» автомобиль жолының облыс ау-

мағындағы 216 шақырымы қайта жаңғыртудан өтіп, ел игілігіне берілді. Мамыр айында Арал қаласында 3 млрд 140 млн теңгеге салынған 940 метрлік аспалы көпір ашылды. Жаңақорған кентіндегі теміржол үстінен өтетін көпірді де тұрғындар ұзақ жыл күтті. Бұл нысан құрылысына 1 млрд 400 млн теңге жұмсалып, шілде айында пай-

далануға берілді. Мемлекет басшысының тапсырмасымен Қызылорда қаласынан Ақтөбе облысы бағытындағы автомобиль жолын төрт жолақтыға ауыстыру жобасы демеушілер есебінен 350 млн теңгеге әзірленді. Бүгінде қала маңынан айналма жол салу жұмыстары басталады. Екінші бөлігі, яғни Ақтөбе шекарасына дейінгі 462 шақырымның техника-экономикалық негіздемесі дайындалды. Жоба құны – 832 млрд 812 млн теңге. Құрылыс аяқталғанда жарты мың шақырымға жуық жол I санатқа ауысады, – деді сонда Нұрлыбек Машбекұлы.

Облыс басшысы баяндағандай, салаға қатысты тағы бір қуанышты жа-

налық бар. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жолдауында көлік логистикасын одан әрі дамыту бағыты белгіленіп, «Сексеуіл-Бейнеу» автомобиль жолының құрылысын жеделдету керектігі айтылды. Аталған автожолдың ұзындығы – 559 шақырым. Оның 189 шақырымы Арал ауданының Құланды, Ақбасты, Ақеспе, Қосаман, Бердікөл, Сексеуіл елді мекендері арқылы өтеді. Бұл өңірдің ең шеткі елді мекендеріндегі жол қатынасының жақсаруына үлкен себеп болмақ.

геге алынған 100 экотакси қалаішілік көлік қатынасына оң ықпалын тигізгендей.

Бұған дейін «Қазақстан Темір Жолы» компаниясы мен жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен қаладағы теміржол вокзалы 600 млн теңгеден астам қаржыға күрделі жөндеуден өткен еді. Қазір Арал, Сексеуіл, Жалағаш, Теренөзек вокзалдары қайта салынса, Қазалы, Төретам, Шиелі, Жаңақорған теміржол вокзалдары күрделі жөндеуден өтіп жатыр.

Жақында инвесторлар Арал, Жаңақорған аудандарында жол бойындағы заманауи қызмет көрсету кешендерін ашты. Қызылорда қаласындағы теміржол асты автожол құрылысы да қарқынды жүруде. Ал Қармақшы ауданы орталығындағы теміржол арқылы өтетін көпір құрылысы алдағы уақытта басталатын болады.

Сырдың бас шаһары – Қызылордадағы көлік қозғалысын кедергісіз етуде де жүйелі жұмыстар аяқталды. Облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы берген мәліметке сүйенсек, Бейбарыс сұлтан (Назарбаев даңғылынан аспалы көпірге дейін), Ахмет Яссауи, Жаппасбай батыр, Е.Көшербаев көшелері екі жолақтан төрт жолақты жолға кеңейтілді. Н.Назарбаев даңғылынан «Тәуелсіздікке 25 жыл» даңғылына дейін жаңа автомобиль жолы, Шіркейлі, Сыздық және Жаңадария каналдарындағы көпір өткелдерін кеңейту, «Тәуелсіздік» даңғылындағы Қызылжарма каналы арқылы өтетін көпір құрылысы да аяқталды. Сонымен қатар, Бейбарыс сұлтан көшесі мен Жаппасбай батыр көшесіндегі теміржол үсті көпірін күрделі жөндеу, «Тәуелсіздікке 25 жыл» даңғылы, Әуежайға кіреберіс жолдарын кеңейту, Әбілхайыр хан көшесінен Саламатов көшесіне дейін төрт жолақты жол салу жұмыстары да аяқталып, ел игілігіне берілді.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы 17 желтоқсандағы
№ 235 қаулысы

Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы

«Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексі» Қазақстан Республикасы Кодексінің 43-бабына, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағы 22) тармақшасына, «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-бабының 6), 7) тармақшаларына және «Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі №590 қаулысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен ақпараттық қауіпсіздік, цифрландыру, мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы функцияларды, «Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен жобалық басқару саласындағы функцияларды бере отырып, «Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі құрылсын.

2. Қоса берілген Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі бекітілсін.

3. Қоса берілген Қызылорда облысы әкімдігінің өзгерістер енгізілген кейбір қаулыларының тізбесі бекітілсін.

4. «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі және облыстық бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың басшылары заңнамада белгіленген тәртіпін осы қаулыдан туындайтын шаралары бақыдалсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау «Қызылорда облысы әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің басшысы Ә.М.Мұхамедиярова жүктелсін.

6. Осы қауды 2026 жылдың 5 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі	Н.Нәлібаев
Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы «17» желтоқсандағы № 235 қаулысымен бекітілген	
«Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесі	

1-тарау. Жалпы ережелер

1. «Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасы) цифрландыру, мемлекеттік қызмет көрсету, жобалық басқару саласында функцияларды жүзеге асыруға Қызылорда облысының әкімдігі уәкілеттік берген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасының ведомстволары жоқ.

3. Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасы өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ, осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасы коммуналдық мемлекеттік мекеме ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрлері және атауы қазіркі және орыс тілдерінде жазылған мөртабаңдары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасы азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасы өз қызметінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіпін Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасы басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасының құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өкілеттілігі жүзеге асырылады.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: индекс 120003, Қазақстан Республикасы, Қызылорда облысы, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, құрылыс 1.

10. Осы Ереже Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасының құрылтай құжаты болып табылады.

11. Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасының қызметін қаржыландыратын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес облыстық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасына кәсіпкерлік субъектілерімен басқарманың өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасына заңнамалық актілермен кіріс ескетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасының мақсаттары мен өкілеттіктері

13. Мақсаттары:

Қызылорда облысы экономикасының даму қарқынын жылдамдаату және цифрлық технологияларды қолдану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ, цифрлық экономиканы құруға мүмкіндік берген Қызылорда облысы экономикасын дамытудың жаңа траекториясына көшуіге жағдай жасау.

14. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасына өзіне жүктелген міндеттерді және өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін заңнамада бекітілген тәртіптен:

мемлекеттік органдардан, ұйымдардан, олардың лауазымды тұлғаларынан жақетті ақпараттар мен материалдарды сұрауға және алуға;

өз қызметіне кіретін мәселелер бойынша кеңестер, семинарлар, конференциялар өткізуге;

қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де құқықтарды атқаруға құқылы;

2) міндеттері:

занды және негізделген шешімдер қабылдауға;

қабылданған шешімдердің орындалуын бақылауды қамтамасыз етуге;

жеке және заңды тұлғалардың Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасына жолдаған өтініштерін қарауға, олардың орындалуын бақылауға, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен олар бойынша жауаптар беруге;

жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауды ұйымдастыруға;

қолданыстағы заңнамада қарастырылған өзге де міндеттерді іске асыруға міндетті.

15. Функциялары:

1) өз қызметіне жататын мәселелер бойынша ақпарат пайдаланушыларға анық және жақетті ақпаратты береді;

2) Қызылорда облысының аумағында мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру, оған қолжетімділікті қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады;

3) көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы қолжетімді нысанда хабарлар болуын қамтамасыз етеді;

4) көрсетілетін қызметті алушылардың мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өтініштерін қарайды;

5) көрсетілетін қызметті алушылардың бұзылған құқықтарын, бостандықтарын заңды мүдделерін қалпына келтіруге бағытталған шаралары қолданады;

6) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органдармен келісу бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету процестерін отңайландыру жөнінде шаралар қолданады;

7) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалауды жүргізу үшін ақпараттың, сондай-ақ, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын ішкі бақылау нәтижелері бойынша ақпараттың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпін және мерзімдерде ұсынылуын қамтамасыз етеді;

8) ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтер сапасын бағалауды жүргізу үшін ақпараттың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпін және мерзімдерде ұсынылуын қамтамасыз етеді;

9) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына береді;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына ішкі бақылауды жүргізеді;

11) көрсетілетін қызметті берушілердің мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді сақтайтын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданады;

12) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына қоғамдық мониторинг қорытындысын ескере отырып, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру жөнінде шаралар қолданады;

13) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

14) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың орындалуына мониторингті жүзеге асырады;

15) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің шегінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты ақпараттандыру саласындағы мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

16) өз қызметі шегінде ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымына аса маңызды объектілері болып табылатын объектілерді анықтау бойынша шаралар қабылдайды;

17) субъектінің заңды өкілінің деректер басқару мазмұнының және оларды оңдеу тәсілдерінің оларды оңдеу мақсаттарына сәйкестігі туралы жолдамаларын қарайды және тиісті шешімдер қабылдайды;

18) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жеке кәсіпкерлік

субъектілеріне қатысты Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

19) Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасының бұзылуына жол берген адамдарды Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа тарту жөніндегі шараларды қабылдайды;

20) меншік иесіне және (немесе) оператордан, сондай-ақ үшінші тұлғадан анық емес немесе заңсыз жолмен алынған дербес деректерді нақтылауды, бұғаттауды немесе жоюға талап етеді;

21) субъектілердің дербес деректері құқықтарын қорғауды жетілдіруге бағытталған шараларды жүзеге асырады;

22) қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қабылдайды;

мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстардың меншік иелерін және (немесе) иеленушілерін қоспағанда, ақпараттық қауіпсіздіктің орын алған оқиас оқиғасы туралы Ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығына дереу хабарлайды;

«электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мониторингі мәселелері бойынша Ақпараттық қауіпсіздікті ұлттық үйлестіру орталығымен ақпараттық өзара іс-қимылды;

23) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы бірыңғай талаптардың, деректерді басқару жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз етеді;

24) инвестицияларды тарту жүйесін және ақпараттандыру саласындағы инвестициялық жобаларды әзірлеу мен іске асыруды нығайтандыру тетіктерін жетілдіру жөніндегі қызметті жүзеге асырады және үйлестіреді;

25) ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласын дамыту үшін жағдайлар жасайды, сондай-ақ осы қызметті үйлестіреді;

26) «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін құрады және дамытады, сондай-ақ, осы қызметті үйлестіреді;

27) платформалық бағдарламалық өнімдерді әзірлеу мен орналастыруды қамтамасыз етеді;

28) жергілікті атқарушы органдардың электрондық ақпараттық ресурстарының дұрыстығы мен өкілеттілігін қамтамасыз етеді, толықтырады және өзгерістер енгізеді;

29) «электрондық үкіметтің» архитектура-порталында «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілері және «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерінің техникалық құжаттамасы туралы мәліметтерді есепке алуды және өзектендіруді жасайды және үйлестіреді;

30) өзінің интернет-ресурстарында мемлекеттік органдардың ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту жопарлары мен нәтижелері туралы жалпыға қолжетімді ақпаратты орналастыруды үйлестіреді;

31) техникалық құжаттамаының түпнұсқаларын қағаз жеткізгіштерде сақтауды қамтамасыз етеді және оларды «электрондық үкіметтің» сервистік интеграторына оның сұратуы бойынша ұсынады;

32) «электрондық үкіметтің» ақпараттандыру объектілерін құру және дамыту кезінде стандартты шешімдерді пайдалануды жүзеге асырады;

33) жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік электрондық ақпараттық ресурстарға және мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелеріне қоғамдық қолжетімділік пункттерін, оның ішінде осы қолжетімділікті ұйымдастыру үшін тұрғын емес үй-жайларды бөлу жолымен ұйымдастыруды үйлестіреді;

34) цифрлық сауаттылықты арттыру үшін жағдай жасайды, сондай-ақ осы қызметті үйлестіреді;

35) ақпараттық интернет-порталында қазақ және орыс тілдерінде анық деректерді орналастыруды үйлестіреді;

36) мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында интернет-ресурстарды орналастыруды үйлестіреді, олардың дұрыстығын және өзектендірілуін қамтамасыз етеді;

37) ақпараттық-коммуникациялық қызметтерді сатып алу мәселелерін үйлестіреді;

38) «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымын операторына «электрондық үкіметті» веб-порталы ақпараттық толықтыру үшін жақетті электрондық ақпараттық ресурстарды беруін ұйымдастырады;

39) «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторына деректерді басқару талаптарына сәйкес деректерді талдауды жүзеге асыру үшін электрондық ақпараттық ресурстарға қолжетімділік береді;

40) деректерді басқару талаптарына сәйкес деректерді «электрондық үкіметтің» ақпараттық-коммуникациялық платформасына береді;

41) облыстың аумағында электрондық құжат айналымы және электрондық мұрағаттар саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды үйлестіреді;

42) облыстың аумағында электрондық құжат айналымы және электрондық мұрағаттар мәселелерінде әдістемелік басшылықты жүзеге асырады;

43) Қазақстан Республикасының Ұлттық мұрағаты мен орталық мемлекеттік мұрағаттарды жинақтау көздерін қоспағанда, Қазақстан Республикасының электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы заңнамасының сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

44) уәкілетті органдармен және қызметті тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте жүзеге асыратын, уәкілетті органның аумақтық бөлімшелерімен және Қазақстан Республикасына әскери басқару, ұлттық қауіпсіздік және ішкі істер уәкілетті мемлекеттік органдарының аумақтық бөлімшелерімен бірге, үкіметтік және президенттік байланыс бөлімшелерінің желілерін қоспағанда, байланыс құрылсқайлардың, байланыс желілері мен басқа да инженерлік инфрақұрылым объектілері құрылысының жоспарларын әзірлеуін және бекітілуін қамтамасыз етеді;

45) байланыс операторларына Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіпін тиісті шығаратында өтей отырып, абоненттерге тегін қоңырау ұсыну үшін байланыс операторларымен бірлесіп, әлеуметтік мәні бар объектілердің тізбесін айқындауды қамтамасыз етеді;

46) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес почта операторларының өндірістік объектілері үшін тұрғын емес үй-жайлар болуды, сондай-ақ почта операторларына олардың аумағында өндірістік объектілерді орналастыруға жәрдемдесуді ұйымдастырады;

47) ұялы немесе спутниктік байланыс операторының өтініші бойынша, уәкілетті органдармен келісу арқылы ұялы немесе спутниктік байланыс операторларының ұялы немесе спутниктік байланыс жабығына арналған антенна-дискреті құрылыстарды және (немесе) тәреуіштерді сатуға үшін әлетілетін жабықтау жүргізілген орындарды ұсынуын ұйымдастырады;

48) байланыс операторлары көрсететін байланыс қызметтерінің сапасына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

49) жеке тұлғалар туралы мемлекеттік деректердың негізінде тұрғылықты жері бойынша сайлаушылардың тізімін жасау бойынша жұмыстарды қамтамасыз етеді;

50) жасанды интеллект саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға қатысады;

51) Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен деректерді басқару жөніндегі талаптарға сәйкес жасанды интеллекттің ұлттық платформасының операторына деректерге қолжетімділік береді;

52) деректерді басқару жөніндегі талаптарға сәйкес дерекнамаларды қалыптастырады;

53) жасанды интеллект моделін, платформалық бағдарламалық өнімді әзірлейді және (немесе) орналастырады;

54) жобалық басқаруды мемлекеттік құпияларды қорғау туралы заңнама талаптарынан сактай отырып, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарын және бағдарламалық сипаттағы басқа да құжаттарды әзірлеу, іске асыру және мониторингтеу кезінде жүзеге асырады;

55) жобалық басқаруды өзінің қызмет процестерін өзгерту (жетілдіру) мақсатында ағымдағы қызмет шеңберінде жүзеге асырады;

56) облыс әкімдігі мен әкімінің құрылтай бастығы бойынша ішкі бақылауды жүзеге асырады;

57) Қазақстан Республикасының заңдарымен және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен жүктелген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

3-тарау. Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасының бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері

16. Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасын басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасына жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

17. Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасының бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымынан босатылады.

18. Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасының бірінші басшысының цифрлық технологиялар басқармасының бірінші басшысының қызметкерлерін заңнамаға сәйкес қызметке тағайындайды және қызметтен босатыды;

19. Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасының бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде облыс әкімі мен жетекшілік ететін облыс әкімінің орынбасарына есеп береді;

2) өз қызметі шегінде мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасын білдіреді;

3) еңбек қатынастары мәселелері өз қызметіне жататын Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасының қызметкерлерін заңнамаға сәйкес қызметке тағайындайды және қызметтен босатыды;

4) стратегиялық және бағдарламалық құжаттардың әзірленуін қамтамасыз етеді;

5) еңбек қатынастары мәселелері өз қызметіне жататын Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасының қызметкерлеріне заңнамада белгіленген тәртіпін тәртіпті жаз қа қолданады және көтермелеу шараларын қабылдайды;

6) бұйрықтарға қол қояды;

7) Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасының атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

8) шарттар жасасаяды;

9) сенімхаттар береді;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі жұмысты ұйымдастыруға дербес жауапты болады;

11) Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасының жұмысын ұйымдастырады, үйлестіреді және бақылайды;

12) облыс әкімдігі мен әкімінің актілері мен тапсырмаларын орындайды;

13) Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасының құрылымын өзгерту туралы ережелерді бекетеді;

14) құрылтай шегінде нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлеуді ұйымдастырады;

15) қызметтік этика нормаларының сақталуын қамтамасыз етеді;

16) гендерлік теңдік саясатын жүзеге асырады;

17) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау кестесін бекітеді;

18) Қазақстан Республикасына заңнамасымен көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады;

Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасының бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны аламыстыратын тұлға жүзеге асырады.

20. Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасының бірінші басшысы өз орынбасары (орынбасарлары) өкілеттігін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

4-тарау. Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасының мүкісі

21. Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасының заңнамада көзделген жағдайларда желел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасының мүлкі оған меншік иесі берген мүлік есебінен қалыптастырылады.

22. Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасына бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасы өзіне бекітілген мүлкіт және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алынған мүлкіт өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасын қайта ұйымдастыру және тарту

24. Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасын қайта ұйымдастыру және тарту Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасының қарамағындағы ұйымдарының тізбесі:

1) «Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасының «Ақпараттық технологиялар орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі;

2) «Қызылорда облысының цифрлық технологиялар басқармасының «Желел әрекет ету орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы «17» желтоқсандағы № 235 қаулысымен бекітілген

Қызылорда облысы әкімдігінің өзгерістер енгізілетін кейбір қаулыларының тізбесі

1. «Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2016 жылғы 19 қыркүйектегі №584 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының экономика және қаржы басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесінде:

15-тармақ мынадай мазмұндағы 98-1) тармақшамен толықтырылсын:

«98-1) «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарайды және жүргізеді»;

15-тармақтың 44) және 45) тармақшалары алынып тасталсын.

/// АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ЕГІНШІ – МӘРТ, ЖЕР – ЖОМАРТ



Жыл сайын мемлекет тарапынан аграрлық саланы қолдауға қомақты қаржы бөлініп келеді. Мәселен, 2025 жыл өңірдің ауыл шаруашылығында 211,5 млрд теңгенің өнімі өндіріліп, өсім көрсеткіші 1,9 пайызға артты. Саланың негізгі қорына салынған инвестиция 44,9 пайызға өсті. Облыс бойынша 189,6 мың гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдары егілсе, оның ішінде күріш көлемі – 80,9 мың гектар.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, жылдан жылға суды көп қажет ететін дақылдар көлемі азайтылды. Өткен жылмен салыстырғанда 2025 жылы күріш 4,7 мың гектарға аз егілді. Су ресурстарын тиімді пайдалану үшін егістік жерлерді лазерлік тегістеу нәтижесін берді. Сол арқылы дикандар 60 мың гектар күріш алқабында осы әдіс арқылы суды 20 пайызға үнемдеді. Сала мамандары енді оны 65 мың гектарға жеткізуді жоспарлап отыр. Ал 2028 жылға дейін ол толығымен тегістеледі. Өңірде тамшылатып, жаңбырлатып суару әдісімен егілген егін 8,1 мың гектарға жеткізілді. Атап өтерлігі, бұл көрсеткіш 2024 жылмен салыстырғанда 2 есе жоғары. Бұл бағытта Шиелі, Қазалы, Арал аудандарында шетелдік компаниялардың қатысуымен

3 ірі жоба жүзеге асырылып, жаңбырлатып суару әдісімен жүгері, жоңышқа дақылдары егілуде.

Президент тапсырмасына сәйкес облыстың ауыл шаруашылығын әртараптандырып, су үнемдеу технологиясын кеңінен енгізуге бағытталған мемлекеттік қолдау шараларына алдағы 3 жылға 34 млрд теңгеден астам қаржы қарастырылды. Оның ішінде келесі жылға су үнемдеу технологияларын мемлекеттік қолдауға 10 млрд теңге бөлінді.

Облыста мемлекет тарапынан ұсынылған мүмкіндіктерді барынша тиімді пайдаланып, бәсекеге қабілетті агроөнеркәсіп кешенін құру, саланы әртараптандыру бағытында бірқатар жобаларға мән берілді. Атап айтқанда, өңірде құны 40 млрд теңгеге жүгеріні терең өндеуге бағытталған Қызылорда қрахмал-сірне зауыты жобасы жүзеге асырылуда. Ол 2025-2029 жылдар аралығында екі кезеңде іске қосылады. Алғашқы кезеңде кептіру кешенінің құрылысы жүргізілсе, екінші кезеңде жүгеріні терең өңдейтін зауыт бой көтереді. Зауыт тәулігіне 1200 тонна жүгері дәнін кептіріп, 30 мың тонналық сақтау қоймасы салынады. Бүгінгі күні зауыт құрылысы үшін 35 гектар жер телімі табысталып,

10 мың гектар жерге дән жүгері дақылын егуге шаруалармен келісім жасалған.

Сондай-ақ егісті әртараптандыру, күрішті оңтайландыру мақсатында швейцариялық «Харвест Групп» компаниясымен бірлесіп, құны 51 млрд теңгеге техникалық қарасора, жүгері және соя өсіріледі. Бұл жоба аясында 21 мың гектарға егін егіліп, терең өңдейтін агроиндустриялық кластер құру жоспарланып отыр.

Аймақта мал шаруашылығын дамытуға жасалған қолдаудың нәтижесінде төрт түлік мал басы өсіп, өнім өндіру тұрақты ұлғаяуда. Биыл Жаңақорған ауданында қуаттылығы жылына 5000 басты құрайтын «Қо-жамберді батыр» ЖШС мал сою және ет экспорттау орталығы іске қосылды. Аталған серіктестік Түркия мемлекетімен 1000 тонна ет өнімдерін экспорттауға келісімшарт жасады. Бұдан бөлек, сүт бағыты бойынша «Қызылорда Құрылыс НК» ЖШС-ның жалпы құны 7,5 млрд теңгені құрайтын «Қызылорда қаласында 800 басқа арналған тауарлы-сүт фермасын құру» жобасы жүзеге асты.

Өңірдің ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорттық әлеуеті де артып келеді. Статистикалық мәліметтер бойынша 2025 жылдың 1 қазанына облыстан 32 млн долларды құрайтын 68,7 мың тонна ауыл шаруашылығы өнімдері экспортталып, әлемнің 17 мемлекетіне жол тартты. Олардың қатарында күріш, балық өнімдері, қамыс, күріш қалдығы, қызанақ, қауын, қарбыз өнімі бар. Барлық экспортталған өнімнің 88,3 пайызын күріш өнімі құрайды. Сырдың дара дақылына Ресей, Беларусь, Қырғызстан, Тәжікстан, Украина, Әзербайжан, Өзбекстан, Грузия, Монғолия және Ирак мемлекеттерінен тапсырыс түсіп отыр.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»



ШӘКІРТ ЖҮРЕГІНДЕГІ ІЗГІЛІК НҰРЫ

«Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан» деп ақын Абай айтқандай, шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор. Ертеңгі ел тұтқасы болар жас буынды тәрбиелеуге қырық жылдан астам уақытын арнап, ауыр міндетті абыроймен атқарып, талай шәкірттің томағасын сыпырып, қанат қақтырған ұлағаты ұстаз Үміт Қосекеева бүгінде 75 жастың желкенін керіп отыр.

Үміт Қажығалиқызы Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Темірші ауылдық кеңесінде 1951 жылдың 3 қаңтарында дүниеге келген. 1958-1966 жылдар аралығында №14 Темірші сегізжылдық мектебінде оқып, қатарының алды болған. Қарқаралы қаласындағы №1 қазақ орта мектебінің түлегі. 1969-1973 жылдар аралығында Қарағанды мемлекеттік университетінің физика факультетін бітірген.

Еңбек жолын 1973-1976 жылдары Қызылорда облысы Қазалы ауданындағы №96 Бозкөл орта мектебінде физика пәнінің мұғалімі болып бастаған. Кейін Қызылорда қаласындағы №1 мектеп-гимназиясында еңбек етті. 1991 жылы пән мұғалімдері арасында өткен «Жыл мұғалімі» байқауында жүлделі I орын иеленді. Бұл ұстаздың алғашқы жетістігі еді. Одан кейін әр жылдары Қызылорда қаласындағы І.Қабылов атындағы №12 орта мектеп директорының оқу-тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, Қызылорда қалалық білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі (бас маман) қызметін атқарған. Осы кезіметте жүрген кезеңде мұғалімдердің шығармашылық деңгейін, әдістемелік шеберлігін жетілдіру бағытында сан алуан іс-шаралар мен байқауларды жоғары деңгейде ұйымдастырған. Нәтижесінде №9 орта мектептің химия пәнінің мұғалімі Г.Руснак республикалық «Жыл мұғалімі-91» байқауында, Т.Дәуменов Мәскеуде өткен «Одақтық жыл мұғалімі-91» байқауында бас жүлде иеленген.

Кейін Қызылорда қаласындағы №15 гимназияны басқарды. Үміт Қажығалиқызының жеке басын ерекшелендіретін қасиеттері – еңбексүйгіштігі, талап қоя білуі, ұжымды алға қойған мақсатты шешуге талпындырып, ұйымдастыра білуі және қадрларды іріктеп, таңдай білуі. Педагогикалық ұжым басшының осы қасиеттерінің және бірлесіп жұмыс істеуінің арқасында жоғары көрсеткіштерге қол жеткізді. 2008 жылы республикадағы 100 мектептің қатарына енді. Қызмет жасап жүрген тұста мектеп түлектері арасынан 33 «Алтын белгі», 75 «Үздік аттестат», 174 мемлекеттік грант иегері шықты.

«Ұстазы мықтының ұстанымы мықты» демекші, білім алған, өнегелі тәлім-тәрбиесін көрген шәкірттері жетерлік. Ол жетекшілік жасаған уақытта №15 қалалық гимназия оқушылары жыл сайын «XXI ғасыр көшбасшысы» республикалық зияткерлік сайысының апталық, айлық, тоқсандық, жылдық кезеңдерінде топ жарып жүрді.

Мерейлі жас иесі ұстаздық қызметті жауапкершілікпен атқаруда көптеген жетістікке жетті. Шәкірттері облыстық, республикалық, халықаралық «Дарын» ғылыми жоба сайыстарында жүлделі I, республикалық пәндік олимпиаданың II, III, IV кезеңдерінде жүлделі I, II, III орындарды иеленді. Нәтижесінде білімді ұл-қыздар республикалық «Дарынды балалар – Қазақстанның болашағы» энциклопедиясына еніп, «За вклад в развитие образования» төсбелгісімен марапатталды.

Тыңғылықты дайындық нәтижесінде гимназия оқушылары қала және облыс мектептері арасында I, II орында, 2008 жылы ҰБТ көрсеткіші бойынша облыс көлемінде I орынға ие болды. 2012 жылы сәуір айында ҰБТ-ға даярлайтын әдістемелік авторлық бағдарламасы жарыққа шығып, ұстаздың үздік іс-тәжірибесі кең көлемде таратылды.

Ұлағатты ұстаздың еңбегі әркез лайықты бағасын алып отырды. Білім беру министрлігінің Құрмет грамотасымен, «Білім беру ісінің үздігі» төсбелгісімен, «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Қызылорда облысына – 70 жыл», «Қызылорда қаласына – 190 жыл», «Қызылорда қаласына – 200 жыл» мерекелік медальдарымен, «Ерен еңбегі үшін», Қызылорда облысының білім беру саласын дамытудағы еңбегі үшін» төсбелгісімен және қалалық білім бөлімі, облыстық білім басқармасының, қала, облыс әкімінің бірнеше рет мақтау грамоталары, алғыс хаттарымен марапатталған.

Халқымыз ұлағатты ұстазды ерекше қадірлейді. Осы беделді қызметті абыройлы атқарып, өскелең ұрпақтың санасына білім мен тәрбие, жүрегіне ізгілік нұрын құя білген Үміт Қажығалиқызының еңбек жолы біз сияқты ізінен ерген мұғалімдер үшін үлгі-өнеге.

Ол отбасында бір ұл, үш қыз тәрбиелеп, немерелері мен жиендерінің үйікті әжесіне айналды. Ең бастысы, жас ұрпаққа сапалы білім берудегі қажырлы еңбегімен ғана емес, қоғамдағы маңызды мәселелерді талқылауға қосқан үлесімен де танымал. Ұстаздың өмірлік жолы – білім мен еңбекке шынайы құрметтің жарқын көрінісі.

Майра БЕКЕТОВА,
М.Дүісенов атындағы
№15 мектеп-лицей директорының
орынбасары



Адам өмірінде жақсы мен жаманның, ізгілік пен қатыгездіктің ортасында өз таңдауын жасаумен жүреді. Яғни, бір жағы тегіс, екінші жағы жаза бассаң, құз болатын жардың жағасында жүретіні белгілі. Бұның қиындығы жақсылыққа қарай басқан мыңдаған қадамыңды теріс басқан бір қадамың құзға тартары анық. Екі жолдың айырмасын ажырата білуде зейіннің орны көрінеді. Ал оның қуаты ақылда. Ондай адам үнемі ар мен адалдықтың қылшылдаған жүзінде жүреді. Адамның ақылы сөзінде, нұры көзінде болса керек. Адамгершілікті болу адамды нұрландыратынын байқаймыз, сеземіз. Бірақ адамгершілікті болудың оңай емес екенін толық сезіне бермейміз де. Осындай ойларымның дұрыс-бұрыстығын елге танымал адамдардың жекелеген қасиеттеріне үніле отырып салыстырмалы зерделегенді жақсы көремін. Өзіңді тану үшін өзіңді зерделеу жеткілікті болса, адамдарды тану үшін олармен араласу керек. Өз әдетіме сәйкес қызығушылық тудырған ағамыздың бірі Жарылқасын Шәріповтің тұлғасы. Жақаң көпшілікке төн қоғамда мойындалған мінез-құлық иесі болғанымен, ол өзінің табиғи болмысын көптің мүддесімен үйлестіре алған адам. Адамның сөзі емес, өнеге болар өмір ұстанымдары сендіре алады. Адам жоғары өрлегенде аяғын тірейтін тастар болғанымен, шыңына жеткізетін басты өзі.

Өмір деген кеңістікте біреуді мақтаймыз, біреуді даттаймыз. Біреудің кемшілігін айтып ғайбат та сөйлейміз. Біреудің жақсылығын айтып марқаймыз. Алайда жақсылығын айту мен жөнсіз мактаудың ара-жігін ажырата білу дегеніміз қиынның қиыны деп ойлаймын. «Ол керемет адам», «жақсы адам деген осындай» сияқты тұжырымдардың бәрі оң бағаға саналады. Оны айтушының өзі ол адамды жақсы адам деп білетінін меңзейді. Сондықтан да бүгінгі кейіпкеріміз Жарылқасын Шәріповті айтқанда менің өз ойымдағы, менің түсінігімдегі Жақанды жеткізгім келеді.

Кезінде Ататүрік «Адамның байлығы жинаған мүлкінде емес, оның жеке басының адами қасиеттерінде» деген екен. Жарылқасын есімі – «жарылқа» (молшылық келтір, тоқшылыққа жеткіз, береке бер) және «сын» (тілек, ниет) сөздерінен құралады. Болшеуизмнің китүрқы саясатынан халқымыздың жартысын жойған аштықтың, қудалаудың зары еңсені езіп, сұрапыл соғыс басталар жылы дүниеге келген сөбіге ауылдағы ағайындар ақылдаса келе, өзінен бұрынғы балалар шетінегі бергесін де Құдайдан тілек тілеп, «Құдай осы баланы, елді жарылқасын» деген ырыммен Жарылқасын деп атаған екен. Кейбір зерттеушілер тартымды есімдер, басқа адамдарда жақсы ассоциация қалыптастыратынына байланысты ол адамның өмірде табысқа жетуін арттыруға себеп болу ықтималдығы бар екенін айтып жүр. Шынында, Жарылқасын ағамыздың өмір жолы да елге адал қызмет етіп, жақсыға ұмтылумен келеді екен. Жарылқасын сөзі қазақ үшін жақсылықты шақырумен тең. Ал жақсылық – адамгершілік пен арлылықты сипаттайтын жалпы ұғым.

Жақсылық ұғымы арқылы басқаларға жағымды болатын құбылыстар қалыптасады. Жақсы қасиеттері арқылы адамды бағалауға мүмкіндік аламыз. Менде барынша араласқан адамдардың жақсы қасиеттерін көруге тырысып, өз бойыма сіңірсем деп келемін. Біршама адамдар туралы жазғандарымды уақыт өте келе қайта қарауға мәжбүр боласын. Бізге Жақаң, ал кішкентайынан ата-анасы, ағайын-туыс, ауылдастар арасында Жәке аталған ағамыз жөнінде тұрақтылық бар. Өйткені ағамыздың өзін-өзі басқаруы мен мінез-құлқына аса жауапкершілікпен қарайтындығы қызық-тырады.

Жарылқасын ағамыз өз естелік кітабында «Жалпы алғанда қандай қоғамда өмір сүрсен де адамның бойындағы таубітті қасиеттер немесе керісінше бойға сіңген сыйымсыз теріс қылықтар бүкіл өмірінде өзіне жолдас болатын қоғамдық пікір қалыптастырады, сонымен бағаланатын боласын», – деп жазды. Бұл тұжырымы өмірлік ұстанымы болса керек. Жалпы адам болмысының өлшемі ақылы екеніне қарсы бола қоймаспыз. Ал академик Ғарифулла Есім «Ақылға қатысты ана тілімізде мынадай ұғымдар бар, олар: ақыл, парасат, зейін, даналық, зерде, зеректік, пайым» деп жазды.

«Үй танымай, ел таныған», табиғатынан адамшылығы мол болып өскен Жарылқасын ағамыздың тегіне үнлілі көрейік. Ұлы дала тәжірибесі бойынша, тектілікті бойына мольнан сіңіре білген ұл ғана елге аға да, пана да бола алады. Ол алдымен әділдік пен адалдықтың туын биік ұстап, сертіне беріктігімен, еңбек-қорлығымен тұлғаланады. Сталиндік әкімшіл-әміршіл қатаң саясаттың зорлығымен жақсыларымыз атылып, қудаланып «құркылтай басына, тұрымтай тұсына» кеткен заманда, жылы тектілікті сақтау қасиетімізге күн туғанда оны жоғалтпай жалғастырау жауапкершілік Жақандың замандастарының мойнына түсті. Олардың ішінде бай-кедей деп тапқа бөлмей жанына жұртты жия білетін тектілердің ұрпағына артылды. Осы жерде «Тектен нәр алған тозбайды» дегендей тектілік анықтамасына байланысты сөздікке жүгінілік. Тектілік – адам бойындағы асыл қасиеттердің парасаттылық үлгісі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа рухани сабақтастықпен берілуі деп түсіндіріледі. Тектілік құбылысы жақсы адамның кездейсоқ қалыптаспайтынын, ата-бабалардан берілетін дүниетанымдық, дідлік, психологиялық, т.б. бейімділіктері болуға тиістілігін көрсетеді. Бұл жерде ата-бабасының лауазымына, байлығына байланысты ұстаным жоқ. Сонымен қатар ғылым бойынша, кез келген адамның өзін үнемі тәрбиелеп, жетілдіріп отыруға да маңызды. «Қандағы бар тектілік шықпай қоймас «еп» қылып» дегендей алдыңғы буын ағалары мен басылардың көп тәлімін алып өскендігі болар, кезінде Қазақстандағы ең жас директор атанған. Ешқашан лауазым қумаса да, қай қызметте болсын адал еңбекпен абырой жинайды.

Тіршіліктегі қадамдарын өз еркінен тыс пайдалы жаққа бұратын белгісіз бір тылсым күш бар деп сенетін Жақандың тектілігінің көрінісі, барынша қарапайымдылығы мен жүзінен ұстанымдық, мейірбандық, үлкендік өнегесінің лебі сезіліп тұратындығы. Тектілігінің тағы

бір белгісі ұрпағының тәрбиесінен байқалады. «Түбіне қарай бұтағы, тегіне қарай ұрпағы» дегендей әулеттің өзіндік қадір-қасиеті мен беделі бүгінде айқын. Ұлы Амантай қанша рет билік сатысымен көтерілуге ұсыныс болса да зиялылықты, ғылымды таңдады. Оның ішінде ұлтымыздың ар-ұяты мен намысы болған Алаш қайраткерлерінің рухын жаңғыртып, бүгінгі ұрпақ бойына ұлттық рухты сіңіруге барын салып жүр. Қазағамыздың маңдайына біткен қайраткерлерді зерттеп-зерделеу үшін де тектілік керек. Жүсіпбек Аймауытовтың «Баланы бұзуға, түзеуге себеп болатын бір шарт – жас күнінде көрген өнеге» деген сөзі өмірден алынған. Жақаң қанша ұстамды, сабырлы, жүзі ашық, тілі жұмсақ болғанымен әрекеті батыл. Сең қозғалғанда оңайлықпен қозғалмайтын ағамыз Сыр өңірінің намысы таразыға түскенде аянып қалған емес. Бірақ бір уақытта шындық пен жалғандық, әділет пен әділетсіздік тартысқа түскенде «көкпарды сыпайлықпен тартпайтын секілді» «мендігің» көрсете алады. Текті адам тақтан түссе де, тектіліктің атынан түспейді.

Кезекті бір тексеру қорытындысы бойынша, облыстық атқару комитетінің төраға орынбасары Д.Яковенко Қазалы аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының мал шаруашылығы жөніндегі орынбасары О.Мұстафаев пен ауданның бас мал дәрігері Қ.Тауасаровты жұмыстан босатытын болшыты.

– Дмитрий Кириллович, онда мені де жұмыстан босатыңыз, басталған жұмысты бұларсыз аяғына жеткізе алмаймын, – дейді ғой Жақаң.

Облыстағы жоғары лауазым иелерінің бірі ретінде ондай сөзді күтпесе керек.

– Бізді менсінбей отырсың ба? Онда сені обкомның бюросына апарамын, – дейді Д.Яковенко.

– Қайда апарсаңыз да өзіңіз біліңіз. Осы екі кісімен бірге мен де жұмыстан кетемін, – деп ағамыз алған бетінен қайтпайды. Артынан мәселе әділдіктен шешіліп, екі маман жұмысын жалғастырады.

Тектіліктен ажырамаудың бір белгісі – нәпсіге ие болу. Өйткені нәпсісіне ие бола алмай пенделілікке ұрынған адамдар тексіздіктің шырмауына матаалады. Адам тән мен жаннан құралса керек-ті. Адам тәнінің нәні оның нәпсісінде деп түсінемін. Тән мен нәпсіні бөле қарау да мүмкін емес. Адам дегенді қанша зерттесе де, нәпсіні соншалықты зерттейміз. Нәпсіні адам сапасының өлшемі деп қарасақ та болар. Жарылқасын ағамызға қатысты түсініктерді тәуба, қанағат, шүкіршілік, ризашылық секілді ұғымдар аша түседі. Қанша жыл лауазым иеленіп, қызмет етсе де жоғарыдағы ұғымдарға аса мән беріп қарауымен ерекшеленеді. Өмірде адамгершілік ережелерінен аттап өте алатын адамдардың жағдайы адамгершілік қағидаларын қатаң ұстанатын адамдардан артығырақ болатыны жөніндегі көп мысалға куә болып жүрміз. Адамгершілік тұрғысынан эгоизм мен қоғамға ұнамды мінез-құлықтың өзара келісімін озық үлгісін көрсете алу да ары адамның белгісі деп білгеніміз жөн болар.

Өзін-өзі сыйлайтын, өзгеге сыйлаша білетін адамдардың басым бөлігі қолда барына қанағат жасайтын, оны қадірлеп, қастерлеп ұстайтынын Жақаң секілді ағаларымыздан үнемі байқаймын.

Жиырмасыншы ғасырдың соңғы он жылдығы еліміз үшін ию-қиын көп кезең болды. Қалыптасқан дәстүрлі өмір тіршілігіміз күрт өзгеріске ұшырады. Осындай кезеңде елдің бірлігін сақтап қалу өте маңызды еді. Жерге егелік пен жұмыста жүйелілік кете бастаған кезде елден киелілік кетпеуінің жолын іздеді. Қазалы ауданының алғашқы әкімі ретінде Жақаң жұртты жұмылдыратын үлкен бір істі қолға алады. Ол қазақтың ұлттық батыры Жан-қожа Нұрмұхаммедұлының рухын жаңғырту шарасы еді. Шара жұмыссыздығы белең алып, қаржы жетпей «әйел ерге, ер жерге қарағандай» жағдайда баба рухымен жұртшылықтың ынтымақ-бірлігін нығайта түсудің үлкен үлгісі болды. Осындай елдің бірлігі бекем болып, тірлігіміздің жемісті болуына деген ізгі ниет ұстанымы Жақанды қашанда ар жағалаған аға деп айтуға ықпал етеді. Екі бірдей қоғамдық формацияда өмір сүрген ағамыз қандай жағдайда да адамгершілік қасиет жоғары болатынын ісімен де, сөзімен де дәлелдеп келеді. Бұрынғы жинаған ұпайларымен мысыңды басамын деп ойлайтын емес, болашаққа көбірек сенім, үміт арттыра ағаларымыз көп болсын. Жер бетіндегі әрбір пенде немен айналысса да, өз миссиясын орындайды деп түсінер болсақ, Жарылқасын Шәріпов адамдық, адалдық жолындағы ағалық миссиясын ар-ұятымен атқаруда деп түсінемін. Жүз жасаңыз, Жарылқасын аға!

Наурызбай БАЙҚАДАМОВ,
ҚР Парламенті Сенатының депутаты



ТАРИХИ КЕЗЕҢДІ ЖАДЫДА ЖАҢҒЫРТҚАН

Өткен жылы елімізде, өңірде тарихи тұлғалар мен оқиғалардың мерейлі белесі аталып өтті. Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл, Қызылорданың Қазақ елі астанасы болғанына 100 жыл, Ұлы Жеңістің 80 жылдығы, Байқоңыр ғарыш айлағының ашылғанына 70 жыл, Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы, Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық драма театрының 70 жылдығы кең көлемде тойланды.

Бұл мерейлі даталардың тарихтағы орны мен маңызы айрықша. Қызылордалықтар осы жерде Қазақ елі астанасының туы тігілгеніне, ұлтымызға «Қазақ» атауы қайтарылғанына бір ғасыр толған мерекені жыл көлемінде атап өтіп, ауқымды әрі салтанатты іс-шарамен қорытындылады.

Сол жағалауда жаңадан ашылған «Қайсар Арена» стадионында «Мерейлі мерекеңмен, Қызылорда!» атты гала-концерт өтті. Мереке бастауындағы астананы Орынбордан Ақмешітке көшіру және Киргиз АКСР-ның Қазақ АКСР деп өзгертілуі, қалаға Қызылорда атауының берілуі, Ақмешітке қарай бағыт алған «Қызыл паравоз», Алаш арыстарының бейнелері, тарих желісінен сабақталған көріністер сол дәуірді көпшіліктің көз алдына әкелгендей әсер қалдырды. Одан кейін экрандағы көріністер жаңарған, жаңғырған Қызылорданың бүгінгі жасампаз келбетіне ауысты.

– Бір ғасыр бұрын Қазақ Республикасының алғашқы астанасы болған Қызылордада мемлекеттігіміздің негізі қаланды. Сол кезеңде қаламыз еліміздің саяси, мәдени-рухани орталығына айналды. Ұлттық өнер мен ғылымның, білім мен баспасөздің алтын қазығы осында қағылды. Шежірелі шаһарымыздың елдік асыл мұраты, жасампаз жолы қалыптасты. Ұлтымызға «Қазақ» атауын қайтарып, азат ел болуды аңсаған асқақ арман орындалды. Тілегі мен мақсаты ортақ Алаш арыстары ұлт мүддесі үшін тәуелсіз ел болуға бірікті.

Жүз жылда бірнеше кезеңді басынан өткерген Қызылорда бүгінде Президентіміздің ерекше қолдауымен саулетті де әсем қалаға айналып келеді.

Ең жағап қала – ол адамның бақытты қолған жері. Баршамызды бақыт құшағына алған Қызылорда – біздің мақтанышымыз, – деді облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев құттықтау сөзінде.

«Қайсар Арена» стадионындағы гала-концертті тамашалаған қызылордалықтар мен қала қонақтары сахна сәніне, арнайы дайындалған тақырыптық дрон шоуға, би қойылымдары мен бейнероликтерге жоғары баға берді. Салтанатты шараның шарықтау шегінде мереке аспанын мың бояулы оташулар жарқыратты.

Осыдан бір ғасыр бұрын тарихи шешімдер қабылданған қалада азат ел болуды аңсаған асқақ армандар тоғысты. Тілегі ортақ текті азаматтар ұлт мүддесі үшін ұлы мақсаттарға ұйып, Тәуелсіз Қазақстан жолына топтасты. Осылайша ежелден еңбекшіл әрі елжанды халқымыздың бірлігі мен берекесінің арқасында дария бойы дамыған қалаға айналды.



АНАРА ТАҒЫЗЫМ



Өткен жылы Сыр өңірінің спорт саласында елеулі оқиғалар болды. Туризм және спорт министрлігінің ұйымдастыруымен жыл қорытындысына арналған дәстүрлі «Үздік премия-2025» салтанатты іс-шарасында Қызылорда облысы «Жылдың үздік спорт өңірі» атанды. Қазіргі таңда өңірде 377 мың адам, яғни тұрғындардың 44,6 пайызы спортпен жүйелі түрде айналысады. Кейінгі жылдары спорт инфрақұрылымы қарқынды дамып, өңір спортшылары республикалық және халықаралық жарыстарда жоғары нәтижелерге қол жеткізіп жүр.

Ел футболындағы тағы бір қуанышты жаңалық ретінде Қызылорда қаласында пайдалануға берілген «Қайсар Арена» стадионын атап өтуге болады. Бұл тәуелсіздік жылдарында елімізде бой көтерген үшінші стадион ретінде ерекшеленіп отыр. Ендігі кезекте еліміздің Алматы, Шымкент, Ақтөбе, Семей, Қарағанды қалаларынан осындай спорттық нысандар ашылмақ.

Айта кетсек, жергілікті «Қайсар» командасының құрылғанына алпыс жылға жуықтады. «Локомотив» және Ғ.Мұратбаев атындағы орталық стадион өз қызметін атқарып келді. Дегенмен заман талабына сай жаңа стадион салу мәселесі күн тәртібіне шығып, жанкүйерлердің ұсынысы облыс басшылығынан қолдау тапты.

Алғашқыда 7 мың адамға арналған спорттық нысан қайта талқылау барысында тағы 4 мыңға ұлғайтылды. Осылайша спорттық нысан 11 мың адамды қабылдайтындай етіп жобаға түзету енгізілді. Бұрын жанкүйерлер стадионның екі жағында отырады деп жоспарланған еді. Соңғы нұсқа бойынша екі қақпаның артында да екі мыңнан жанкүйерге арналған орындар орналасты.

Жаңа стадион үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. Ендігі мақсат – халықаралық деңгейде ойындар өткізу, оған стадион толықтай сай келеді. Ғимараттың ішкі бөлігінде тоғыз спорт залы, түрлі үйірмелер орналасқан. Жанкүйерге арналған орындардың төбесі металл шатырмен жабылған. Бұл жөнінен стадионды салған «Нұрлы тау» компаниясының мол тәжірибесі бар. Көп жылдан бері металл құрылғыларын жасаумен айналысқан компания бұл жұмысты өз деңгейінде атқарып шықты. Трибунаның биіктігі мен жанкүйер орны еуропалық стандартқа сай келеді. Стадионға келген әрбір адам еш кедергісіз ойынды тамашалай алады. Бұрынғы стадиондағы секілді шатыр тіреуі жоқ. Металл құрылғының барлығы жергілікті жерде дайындалған. Жанкүйерге қолайлы болу үшін екі табло қойылды. Сол арқылы стадионға келушілер көбірек ақпарат алады.

«Қайсар» елімізде алғашқылардың қатарында кезеге өтті. Әлеуетті инвесторға аталған клубты алғаннан кейін, спорттық инфрақұрылымды (стадион және футбол алаңдары) дамыту, сондай-ақ академия ашу талаптары қойылған. Ал

жергілікті атқарушы органдарға алдағы 3-4 жылға дейін футбол клубтарына бюджеттен қаражат бөледі тоқтатпау ұсынылды.

Өңірде спорт инфрақұрылымын қарқынды дамыту бағытындағы ауқымды жобалар жалғасын тапты. Соның бірі – облыс орталығында аумағы 25 мың шаршы метрлік «Қызылорда Арена» көпбейінді спорт кешені. Кешен олимпиадалық стандартқа сай жүзу бассейні және олимпиадалық спорт түрлеріне арналған жаттығу залдарымен қамтылады. Сонымен қатар, «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының демеушілігімен қаланың сол жағалауында ерекше қажеттілігі бар жандарға арналған денешынықтыру-сауықтыру кешені салынууда. Аталған қордың көмегімен Шилелі және Жалағаш аудандарында аңғар типтес жаңа спорт нысандары салынып, ауыл тұрғындарына табысталды.

Қыркүйек айында еліміздің спорт жылнамасында айтарлықтай оқиға болды. Грек-рим күресінен 26 жылдан кейін қазақстандық баулан Әлем чемпионатында топ жарып, барша жанкүйерді үлкен қуанышқа бөледі. Ел құрамасынан Айдос Сұлтанғали (60 келі) алтын медаль алып, ұзақ жылдар бойы қол жетпей жүрген биікті бағындырды.

Айдос Сұлтанғали 1996 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Қазірге дейін 2018, 2022 жылдары Әлем чемпионатында қола жүлделер атанды. 2021 жылы Азия чемпионы атағын жеңіп алды.

– Осы тарихи жеңістің маған бұйырғанына ерекше қуаныштымын. Бұл жеңіс біздің күрес түрінің алға қарай дамуына жаңа серпін береді. Осы мүмкіндікті жіберіп алуға болмайтынын сездім, сол үшін барымды салдым. Тек алға жүріп, халқымды қуантқым келді. Құлақ сынды, қабақ жарылды. Бірақ мақсатым алтын медаль жеңіп алу болды, – деді ол елге оралған сәтте.

Мұндай серпінді жобалар алдағы жылы да жалғасады. Сыр өңірінде бұқаралық футболды дамыту бағытында «Қайсар» футбол клубы академиясының құрылысы басталады.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы»

БІЛІМ МЕН ЕҢБЕКТІҢ ЖОҒАРЫ БАҒАСЫ

Өткен апта соңы жыл бойы ел болашағы үшін аянбай еңбек еткен білім саласы қызметкерлері үшін жағымды жаңалыққа толы болды. Облыстық білім басқармасы мен кәсіподақ комитетінің ұйымдастыруымен өткен білім беру ұйымдары арасындағы жыл үздіктерін анықтау рәсімі Арал өңіріне де ақжолтай хабар әкелді. Атап айтқанда, жыл қорытындысы бойынша Арал индустриалды-техникалық колледжі «Үздік білім беру ұйымы – 2025» номинациясына ие болды.

Марапатты облыстық білім басқармасының басшысы Аскарбек Есжанов пен кәсіподақ комитетінің төрағасы Гүлнар Ескалиева колледж директоры Рақым Айназаровқа салтанатты түрде табыстады.

Бұл жоғары баға – колледж ұжымының білім беру сапасын арттырудағы жүйелі жұмысының, жұмысшы мамандықтарының беделін көтерудегі табандылығының және әлеуметтік серіктестермен тиімді әріптестігінің нақты нәтижесі.

Бір ғасырлық тарихы бар оқу орнында өндіріс пен теорияның сабақтастығы дәстүрлі түрде жүзеге асып келеді. Кәсіби құзыреттікке негізделген білім сапасы – табысты болашақтың кепілі. Осы мақсатта Арал индустриалды-техникалық колледжі өндірістік мекемелерімен тығыз байланыс орнатып, білім мен тәжірибені ұштастырған



алтын көпір қалыптастырды. Бүгінде колледж 23 жеке әлеуметтік серіктестікпен ынтымақтастықта жұмыс атқаруда.

Сонымен қатар «Жұмысшы мамандықтар жылына» орай техникалық және кәсіптік білім беруді трансформациялаудың 2025-2027 жылдарға арналған «Жол картасы» аясында республика көлемінде 11 техникалық және кәсіптік білім беру орнымен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Бұл – колледждің еңбек нарығында сұранысқа ие, бәсекеге қабілетті мамандар даярлау жолындағы қажырлы еңбегінің айқын дәлелі.

Алдағы уақытта да өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына үлес қосатын білікті мамандар даярлаудағы жұмыстар жалғасын таба бермек. Ал білім беру ұйымының әрбір жетістігі – тұтас колледж ұжымының ортақ жеңісі. Бұл жеңістің артында ұстаздар еңбегі, сала мамандарының кәсібилігі тұр. Колледж ұжымының берекелі бірлігі, тынымсыз еңбегінің нәтижесінде қол жеткізген толағай табыстары мен жоғары жетістік көрсеткіштері үшін білім беріп марапат ұжым бірлігін бұдан әрі нығайтып, алдағы жылға жаңа серпін берері сөзсіз.

Гүлшат МИРМАНОВА,
Арал индустриалды-техникалық колледжі директорының оқу жұмыстары жөніндегі орынбасары

ДӘРІГЕР ЖЕТІСТІГІ

Қызылорда көпбейінді облыстық ауруханасының жоғары санатты дәрігер-нефрологы Лиза Нұрсұлтанова «Қызылорда облысында созылмалы бүйрек ауруларының (КҚСД) таралуы және бүйрек жеткіліксіздігінің өршуінің қауіп факторлары» тақырыбындағы докторлық диссертациясын сәтті қорғады.



Лиза Нариманқызы Ақтөбе мемлекеттік медицина университетін «Емдеу ісі» мамандығы бойынша бітірген. 40 жылға жуық еңбек жолының 35 жылын нефрологияға арнады. 1990 жылдан бері облыстық көпбейінді ауруханада нефролог дәрігер болып еңбек етіп жүр. Ширек ғасырдан бері нефрология бөлімінің меңгерушісі, облыстың штаттан тыс бас нефрологы. Аймақтағы нефрология бағытының дамуына және созылмалы бүйрек ауруларын ерте анықтауға елеулі үлес қосып келеді.

Білікті дәрігердің докторлық диссертациясына медицина ғылымдарының докторы, профессор Қайрат Қабылбаев ғылыми кеңесшілік жасады. Өңір халқы үшін өзекті мәселені арқау еткен ол «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) атанды. Зерттеу нәтижелері халықаралық ғылыми алаңдарда ұсынылған және практикалық денсаулық сақтау саласына енгізілуде.

«СБ» ақпарат

Газетіміздің келесі саны 6 қаңтар, сейсенбі күні шығады

 www.facebook.com/syrboyi.kz/ Меншік иесі  жауапкершілігі шектеулі серіктестігі		 https://twitter.com/syrboyi		 www.instagram.com/syrboyi_kz			
БАС ДИРЕКТОР Марат АРАЛБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002) БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)		Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037) Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)		Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсы- рыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.		Газет аптасына сейсенбі, бейсенбі, сенбі (<i>сенбілік екі нөмір</i>) күндері шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.	
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 «А».		e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz		Таралымы 20655		Тапсырыс №2245	Кезекші редактор Ержан ҚОЖАС